

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№110 (428) | 1954 жылғы 2 июнь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне Кремльде болған қабылдау (1-бет).  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдары (1-бет).  
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).  
РСФСР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясы (2-бет).  
Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне Қызыл Алаңда болған парад және демонстрация (2-бет).  
Кезінде және сапалы жыртылған пар— мол өнімнің негізі.

В. Бойченко —Әрбір совхозда пар жырту жоспары мерзімінде, сапалы орындалсын (3-бет).  
1955 жылдың егісі үшін тың және тыңайған жерлерді өзірлеу (3-бет).  
С. Аялбергенов —Шың жүректен сүйгендік. Өлең (3-бет).  
П. Синичкин —Комбайндарды егін жыйнауға сапалы өзірлеу —маңызды міндет (3-бет).  
Ю. Бочкаров —Халықаралық шоу (4-бет).  
В. М. МОЛОТОВТЫҢ ШВЕЙЦАРИЯ КОНФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Р. РЮБАТТЕЛЬДЕ БОЛУЫ (4-бет).  
СОКП делегациясының Венгрияда болуы (4-бет).

## Аудандық партия комитетінің нұсқаушысы

Бәзір бүгін еліміздегі сыяқты, облыс ауыл шаруашылығының қызметкерлері де ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау міндетін жүзеге асыру жолында қажырлықпен еңбек етуде. Партия мен үкмет ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайдың бәрін жасап келеді.

Облыс колхоздары мен совхоздары өткен жылдарға қарағанда мал қыстату маусымын үлгілі аяқтады. Көктемнің көп түсуіне, ауа райының қолайсыздығына қарамастан облыс көктемгі егісті агротехникалық қысқа мерзімде өткізді. Бірақ, мұның бәрі алдағы күрделі жұмыстың бастамасы ғана.

Сондықтан ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы түпкі мақсатқа—елімізге астықты, сүтті, майды, жүнді мейлінше көп беру үшін селодағы партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін оның әрі арттырып, колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің қалың бұқарасын еңбектегі жаңа табысқа жігерлендіре білу қажет. Бұл үшін ауыл-селода біздің партиялық күштеріміз аз емес. Солардың үлкен тобының бірі —аудандық партия комитеттерінің нұсқаушылары болып табылады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес, аудандық партия комитеттерінің аппараттарын қайта құру нұсқаушылардың селодағы партиялық-саяси жұмыстың жайымен үнемі шұғылданып отыруларына толық мүмкіндік жасады. Бәзір олардың міндеті —партия қарарларының орындалуын ұйымдастыру, ауыл-селода партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстарды жаңа талаптар дәрежесінде жүргізу, бастауыш партия ұйымдарына, олардың секретарларына көмектесу болып отыр. Нұсқаушылардың басым көпшілігі мұны жақсы түсініп, өздерінің бүкіл жұмысында аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарымен, коммунистермен, барлық ауылшаруашылық қызметкерлерімен байланысын барған сайын нығайтуда.

Мәселен, Полудень аудандық партия комитетінің Полудень МТС-і аймағы жөніндегі топ қызметкерлерінің құрамындағы нұсқаушы А. Марков жолдас Чапаев аймағы, Аманкелді атындағы және

Коктохов аудандық партия комитетінің Чистая МТС-і аймағы жөніндегі топтың нұсқаушылары Павлов, Пчельников жолдасар тек аудан орталығына жақын колхоздарда ғана болуды өдетке айналдырған. Олар қамтуындағы «Путь Ильича», «Большевик», «Красная крепость» сыяқты колхоздарда өздері жұмысқа кіріскеннен кейін бес ай бойы бірде-бір рет болмаған. Олай болса, Павлов, Пчельников жолдасардың аталған шаруашылықтарда ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту жөніндегі ролдері туралы қандай сөз болуы мүмкін. Мұны тек Павлов, Пчельников жолдасардың өз міндеттеріне жауапкершілік сезімдерін жоғалтқан деп түсінуге болады. Ат, топ қызметкерлерін бастаған аудандық партия комитетінің секретары Брек, аудандық партия комитетінің бірінші секретары Макаров жолдасардың бұл жағдайға ұзақ уақыт төзін келуі қатты қынжылатын ес.

Рас, кейбір нұсқаушыларды колхозда болмайды немесе сирек болады деп кінәлау қыйын. ҚКП Петропавл аудандық комитетінің нұсқаушысы Трофимова жолдасдың жұмысының шеңбері село активтерінің аз тобынан аспайды. Ол күнделікті жұмыстың жайымен шұғылданып, өмірдегі жаңалықтарды көрмейді. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Журавлева, Чумакова сыяқты озат сауыншылары сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыру жөнінде өнеге көрсетіп жүр. Бірақ, амал не, Трофимова жолдас озат сауыншылардың жұмыс тәжірибелерін жалпының игілігіне айналдыру жөнінде партия ұйымына, үгіт коллективіне қажетті көмек көрсете алмай келеді.

Партия басылығын колхоз, совхоз өндірісіне жақындату, колхозшыларды, бүкіл ауылшаруашылық қызметкерлерін еңбектегі жаңа табыстарға жұмылдыру, таяудағы екі-үш жылда елімізде азық-түлік молшылығын жасау мүддесі нұсқаушылардың жұмысын жақсартуды талап етеді. Нұсқаушылардың орны —кеңсәде емес, ауыл шаруашылығының дағдыры шешіліп жатқан жерлерде —колхоздарда, совхоздарда, егіс бригадалары мен мал фермаларында, бұқара арасында болуға тиіс.

Бастауыш партия, комсомол ұйымдарының бүгінгі жұмысын жақсартуға, ком-

## СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

### В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОТЫЗЫНШЫ ТОМЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақтың мемлекеттік баспасы В. И. Ленин шығармаларының қазақ тіліне аударылған отызыншы томын жарыққа шығарды.

Орысшасынан СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин институтының филиалы—Қазақстан КП Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институты аударған.

### Г. М. МАЛЕНКОВ, Н. С. ХРУЩЕВ, Л. М. КАГАНОВИЧ, А. И. МИКОЯН ЖӘНЕ М. Г. ПЕРВУХИН ЖОЛДАСТАРДЫҢ ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ТӨРТІНШІ ШАҚЫРЫЛУЫНЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖЕКЕ КІТАПША БОЛЫП БАСЫЛЫП ШЫҒУЫ

Қазақтың мемлекеттік баспасы Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, Л. М. Каганович, А. И. Микоян және М. Г. Первухин жолдасардың ССРО Жоғарғы Советінің төртінші шақырылуының бірінші сессиясында сөйлеген сөздерін қазақ тілінде жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапшалар жаппай тиражбен басып шығарылды.

(ҚазТАГ).

### УКРАИН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ЗОР КӨҢІЛ АУДАРУДА

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Облыс еңбекшілері украин жазушыларының шығармаларына зор көңіл аударуда.

Штукатур Александра Яковлева облыстық кітапханада украин әдебиетінен жаңа кітаптар іріктен беруді өтіңді. Ол Ярослав Галаннның «Шығыстан сөзге» деген кітабын таңдап алды. Комсомолец Ойрат Қахарманов О. Гончардың «Ту ұстаушыларын» оқып шықты. Оның қарточкасында О. Гончардың повесттері мен әңгімелері деген жаңа жазу пайда болуда.

Қалалық 30 кітапхана күн сайын Тарас Шевченконың, Панас Мирныйдың, Ольга Кобылянскаяның, Натан Рыбактың және Украинаның басқа да жазушылары мен ақындарының жүздеген томын беріп отырады. Кітапханаларда қандай кітаптарды оқу керек екендігі көрсетілген тізімдер ілініп, кітап көрмелері ұйымдастырылған.

ТҮСТІ ПРОКАТ ЗАВОДЫНДА

### Мал азығын екі сменада дайындайды

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Шу ауданындағы Чкалов атындағы колхоздың шабындықтарында пішен шабу басталды. Жеткен Қайтағайтың бригадасы егін жыйнау басталғанға дейін қоғамдық мал үшін жоспар бойынша белгіленгеннен едәуір артық—37 мың тонна жай азық дайындауға міндеттенді. Пішен жыйнау комплексті түрде жүргізілуде. Екі сменада жұмыс істеу ұйымдастырылған. Пішен жыйнауға 5 өздігінен жүретін және 13 ат шөп машинасы, сүйретпелер, тырмалар, шөп майлағыштар қосылған. Өзен алқаптарындағы қамысты жыйнап алу ұйымдастырылған. Алексей Зоновтың агрегатының коллективі күніне норма бо-

йынша 33 гектар орнына 60 гектардан пішен шабады. Машинист Касиев, Омашев, Қамарғаев, Иофан жолдасар және олардың сменашылары, шөп жыйнайтын ат машиналарының машинистері Қарабаев, Мұсабеков жолдасар да өндірістік тапсырмаларды асыра орындап жүр.

Осы аудандағы Жамбыл атындағы, Свердлов ауданындағы Ленин атындағы, Луговой ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхоздарында, Ленин және Мерке қой совхоздары мен облыстың басқа да шаруашылықтарында мал азығын дайындауда екі смена бойынша жұмыс істеу ұйымдастырылған.

### СУДА ЖҮЗІП ЖҮРЕТІН БАЛЫҚ ЗАВОДЫ

ГҮРЬЕВ. (ҚазТАГ). Теңізде, кеме тоқтайтын жерге жақын үлкен кеме тұр. Бұл суда жүзетін № 11 балық заводы. Оның портына желкенді және моторлы балық аулағыш кемелер келіп тоқтайды. Көктемгі балық аулау қыза түседі.

Міне, завод жанына балық аулайтын желкенді кеме келіп тоқтады. Ауланған балықтар түсірілуде. Лаборатория менгерушісі Зинаида Галкина балықтарды байқап, сортын анықтайды, Балық жақсы.

Мастерлер Мельников пен Кушанов балық тұздау үшін бәрін дайындаған. Үлкен ағаш күбілерде мұз аралас тұз

ертіндісі дайындалған. Балық күбіге салынады. 10—12 күннен кейін Каспийдің тамаша тұздалған балығы тұтыншыларға жөнелтіледі.

Төменгі палубада жұмыс күні-түні жүргізіледі. Балық іріктеледі, тұздайтын күбіге салынады, тұз, мұз босатылады, дайын өнім жөнелтіледі.

Суда жүзетін заводта ондаған адам тұрады. Олардың каюталары радиоландырылған және электрлендірілген, бұмел жылытатын пеш бар. Қызыл мүйіз, кітапхана, магазин, асхана, мошна, ванна пісіретін, кір жуатын орындар бар.

### Қастек совхозының қой өсірушілерінде

ҰЗЫНАҒАШ. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Қастек совхозының қой өсірушілерінде қызу резен, қойларды жаншай қырку жүргізілуде. Алағашқы 17 мың қой қырқылды. Әрбір қойдан қырқылған жүн өткен жылғымен салыстырғанда орта есеппен 600 грамм артық. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидаттыққа ұсынылған совхоздың озат шопаны Салтанаяв жолдасдың отарында біязы жүнді әрбір қойдан орта есеппен 5 килограмнан жүн қырқылды.

Совхоз қырықтықшылары арасында қой қыркуды қысқа мерзімде өткізу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістелген. Еспаев жолдасдың қырықтықшылар агрегаты оменасында 700 және одан да көп қой қырқып, әрбір қойдан 4 килограмға дейін жүн алды. Жалалиев, Зараухаев, Жарлықасымов және көптеген басқалары күн сайын 100 қойдан қырқанды. Агрегат коллективіне совхоздың ауыспалы Қызыл туы берілген.

### Орыс музыкасының классиктері туралы лекция-концерттер

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының об-

лысындағы пешенді-қызыды Буравлевалар П. И. Чайковскийдің романстарын және операаралық үзінділер ойнатты.

Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкерлеріне ҚазқСС-ің еңбек сіңірген ғылым қайраткері деген құрметті атақ беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ғылыми-педагогикалық көп жылдық жұмысы және мамандар даярлаудағы еңбегі үшін, Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің құрылғанына 20 жыл толуына байланысты мыналарға Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері деген құрметті атақ берілсін:

1. Дардынин Николай Петровичке—доцент, философия кафедрасының меңгерушісі.
2. Дарқанбаев Темірбай Байбосынұлына—профессор, өсімдіктер физиологиясы кафедрасының меңгерушісі.
3. Козловский Михаил Тихоновичке—профессор, аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары И. ЛУКЬЯНЕЦ, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 31 май, 1954 жыл.

ҚАЗАҚТЫҢ С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЛАРЫН, ОҚЫТУШЫЛАРЫН ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің құрылғанына 20 жыл толуына байланысты, мамандар даярлау ісінде қол жеткен табыстары үшін мыналар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталсын:

1. Ақыннанов Мұсатай Бекболатұлы—ССРО тарихы кафедрасының доценті.
2. Балақаев Мәулен Балақайұлы—профессор, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі.
3. Бейсенбаев Серікбай—доцент, марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі, оқу жұмысы жөніндегі проректор.



«Дуть Ильича» колхоздарын қамтыды. Ой топтары жұмысының алғашқы күндерінен бастап колхоздарды басшы кадрлармен нығайту, коммунистердің өндіріске авангардтық ролдерін арттыру, озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттау және осы сыяқты шаруашылық, партиялық-саяси жұмыстың түбірлі мәселелеріне назар аударып келеді. Атап айтқанда колхоздардың партия ұйымдары партиялық саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып, село адамдарының барлық тобына ықпал жасайтын болды.

Осы сыяқты Преснов, Совет, Ленин аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтарындағы нұсқаушылары Бельчиков, Мырзақанов, Очеретенко жолдастар колхоз басқармалары мен партия ұйымдарының жұмыстарына жанды көмек көрсетіп жүр. Бұлар бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары мен үгітшілерге қажетті көмек көрсетуген бірге колхозшылармен жеке, топтық әңгіме өткізу, саяси баяндамалар жасау арқылы өздері бұқара арасындағы саяси жұмысқа тікелей қатысатын болды.

Алайда, нұсқаушылар барлық жерде бірдей өздеріне жүктелген міндеттердің дәрежесіне сай жұмыс істеп жүр деп тиісті де айта алмаймыз. Кейбір жерде аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі топ қызметкерлерінің жұмыстары формальді ұйымдастырылып отыр. Топ қызметкерлері, нұсқаушылар, жергілікті жерде шаруашылық, саяси жұмыстың түбірлі мәселелерін, еңбектегі прогрессивті әдістерді, жаңалықтарды қолдауды, бұл жөнінде партия ұйымдарына көмектесуді, кеңес беруді естен шығарады.

## УКРАИНАНЫҢ РОССИЯМЕН ҚАЙТА ҚОСЫЛУЫНЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ КРЕМЛЬДЕ БОЛҒАН ҚАБЫЛДАУ

РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советі Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне 30 майда Кремльде үлкен қабылдау жасады.

Кремльдің Үлкен Сарайының Георгиев залына ССРО Үкіметінің мүшелері, СОКН Орталық Комитетінің мүшелері, РСФСР Үкіметінің мүшелері, РСФСР Жоғарғы Советінің Мережелік сессиясына келген Украин ССР делегациясы мен басқа одақтас советтік республикалардың делегациялары, ССРО және РСФСР Жоғарғы Советтерінің депутаттары, Москваның өнеркәсіп орындары мен құрылыстың атақты адамдары, ауыл шаруашылығының қызметкерлері, Совет Армиясының, ғылымның, искусствоның, мәдениеттің аса көрнекті өкілдері жыйналды.

Жыйналғандар залға келген Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, Н. М. Шверник, А. И. Кириченко, М. А. Суслов, П. Н. Поспелов, М. П. Тарасов, А. М. Лузанов, Д. С. Коротченко, Н. Т. Мальченко жолдастарды ду қолшапалақтап қарсы алды.

Н. С. Хрущев пен М. П. Тарасов жолдастардың даңқты бұн—Украинаның Рос-

сиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне, ұлы орыс халқының украин халқымен, Совет Одағының басқа да халықтарымен мәңгі мызғымас достығы және туысқандығы құрметіне, Совет Одағының дана Коммунистік партиясының құрметіне, одақтас советтік республикалардың халықтары құрметіне, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың, олардың айнымас одағының құрметіне, айбынды Совет Қарулы Күштерінің құрметіне, Совет мемлекетінің бейбітшілік саясатының құрметіне, Советтік правоның, ғылымның, искусствоның, әдебиеттің қайраткерлері құрметіне айтқан құттықтауларына жыйналғандар қызу қол шапалақтап отырды.

Қабылдаудың орта шенінде Георгиев залына Женевадан жаңа келген В. М. Молотов кірді, жыйналғандар оны жылы шыраймен қарсы алды.

Қабылдау Совет Одағы халықтарының туысқан бірлестігінің көрінісі, Коммунистік партияның, үкіметтің және совет халқының бірлігінің көрінісі болды.

Қабылдау кезінде үлкен концерт болып, оған астананың таңдаулы артистері қатысты.

Еліміздің барлық түпкірлерінен келгендер. Патриоттардың күшімен Суретте: Қостанай облысында тар демалыс уақытында туысқан

Қазақстанға мыңдаған жас патриоттар келді. Олар —тың жерлерді игеруге көзінді өзінде мыңдаған гектар тың жерлер жыртылды.

Олар —тың жерлерді игеруге көзінді өзінде мыңдаған гектар тың жерлер жыртылды.

Олар —тың жерлерді игеруге көзінді өзінде мыңдаған гектар тың жерлер жыртылды.

Балқаш (ҚазТАГ). Балқаштың түсті металл зауытының коллективі өнім шығаруды арттыруда. Еліміздің кәсіпорындарына түсті прокат өткен жылдағыдан 15 процент артық жөнелтілді. Жыл басынан бері еңбек өнімділігі 10 процент артты. Өнімнің өзіндік құнын кеміту есебінен завод коллективі 5 миллион сомнан аса қаржы үнемдеді.

Рационализаторлар зор үлес қосуда. Жаңалық табушылар Гаврилов және Денисов № 2 прокат станының конструкциясын қайтадан жасады. Бұл агрегаттың босқа қарап тұруын кемітті, жылына 46 мың сом үнем береді. Завод лабораториясының қызметкерлері Ануфриевтың, Пескинаның, Балашовтың жаңалық ұсыныстарын өндіріске енгізу 200 мың сомнан астам үнем берді. № 8 прокат станын жаңарту, шахтаның жаңа құрамын қолдану нәтижесінде жүздеген мың сом қаржы үнемделді.

### ҚАРАҚӨЛ ЕЛТІРІСІН ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның қарақөл өсірушілері мемлекетке қарақөл елтірісін тапсыру жоспарын орындады. Көздің өзінде жоспардағы 10 мың елтірі тапсырылды. Арыс, Фрунзе, Шымкент, Шәуілдір аудандарының колхоздары, «Шымқорған», Задаринск және Тимирязев атындағы совхоздар жоғары және бірінші сортты қарақөл елтірілерін тапсырды.

Механизаторлар тың жыртыудың өзіндік құнын кемітуде

НОВОСИБИРСК. (ҚазТАГ). Көктөбе МТС-нің механизаторлары қамтуындағы колхоздарда дәнді дақылдар егуді облыста алғашқылардың бірі болып аяқтады. Егіс қысқа мерзімде, жақсы жыртылған жерлерге жоғары сапалы тұқым себу арқылы жүргізілді.

Бірқатар алаңда қатты бидай егісі тың жерге егілді. «Авангард» ауылшаруашылық артелиінде 700 гектар тың жерге қатты бидай егілді. Бұл жерлерді МТС

тракторшылары арасында әрбір гектар тың өңдеудің өзіндік құнын кеміту жолындағы жарыстың инициаторы — Н. Фокинның бригадасы өңдеді. Жоғары өнімді еңбек ету, техниканы іскерлікпен пайдалану, жанар майын үнемдеу нәтижесінде бригада бір гектар тың өңдеудің өзіндік құнын екі сом кемітті. Д. Обанизовтың трактор бригадасы да осындай көрсеткіштерге ие болды.

### Дәрігерлер тың жерлерге баруда


ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандыға жаңа жерлер игерілетін аудандардағы селолық дәрігерлік мекемелерде түпкілікті жұмыс істеу үшін Грузиядан 150 дәрігер, фельдшер және медициналық сестралар келді. Тбилисидің дәрігерлік мекемелерінде 20 жылдан аса қызмет істеген фельдшер Додидзе Осакаров ауданына

және медициналық қызметкерлеріне музыкаға зор көңіл аударуда. Жергілікті музыка жетіжылдық мектебі оқытушыларының орыстың классикалық музыкасы туралы лекция-концерттері жұртшылық арасында ерекше сүйіспеншілікке ие болды.

жәберілді. Шет және Ворошилов аудандарында жұмыс істеуге тиісті дәрігерлер Чхейдзе және Депутат жолдастардың да зор тәжірибесі бар.

Келгендердің ішінде Грузия комсомолының жолдамасымен келген көптеген жастар бар.

және медициналық қызметкерлеріне музыкаға зор көңіл аударуда. Жергілікті музыка жетіжылдық мектебі оқытушыларының орыстың классикалық музыкасы туралы лекция-концерттері жұртшылық арасында ерекше сүйіспеншілікке ие болды.



Еліміздің барлық түпкірлерінен келгендер. Патриоттардың күшімен Суретте: Қостанай облысында тар демалыс уақытында туысқан

Қазақстанға мыңдаған жас патриоттар келді. Олар —тың жерлерді игеруге көзінді өзінде мыңдаған гектар тың жерлер жыртылды.

Олар —тың жерлерді игеруге көзінді өзінде мыңдаған гектар тың жерлер жыртылды.

органикалық химия кафедрасының меңгерушісі.

5. Бияшев Гакаш Закиұлы — профессор, дарвинизм және генетика кафедрасының меңгерушісі.

6. Габдіров Елеукең Хамидоллаұлы — доцент, филология ғылымының кандидаты.

7. Горячева Анна Андреевна — тарих ғылымының кандидаты, тарих факультетінің деканы.

8. Енисеев Тараф Мұхамедрақымұлы — доцент, математика анализі кафедрасының меңгерушісі.

9. Жеребятыв Федор Алексеевич — доцент, саяси экономика кафедрасының меңгерушісі.

10. Кок Александр Алексеевич — филология ғылымының кандидаты, филология факультетінің деканы.

11. Корнилова Валентина Степановна — жоғары систематика және төменгі өсімдіктер кафедрасының доценті.

12. Крупенникова Клавдия Александровна — органикалық химия кафедрасының доценті.

13. Митрофанов Петр Иванович — философия кафедрасының доценті.

14. Персидский Константин Петрович — профессор, дифференциальды теңеулер кафедрасының меңгерушісі.

15. Поссе Татьяна Владимировна — доцент, орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

16. Соколов Владимир Алексеевич — профессор, минералогия және кристаллография кафедрасының меңгерушісі.

17. Соколовский Дмитрий Владимирович — профессор, химия ғылымының докторы, техникалық химия катализдері кафедрасының меңгерушісі.

18. Усанович Михаил Ильич — профессор, физикалық химия кафедрасының меңгерушісі.

19. Халықов Фазыл Халелұлы — омыртқалылар кафедрасының аға оқытушысы, биология ғылымының кандидаты.

20. Хомутев Виктор Михайлович — орыс тілі кафедрасының аға оқытушысы.

21. Құсайынова Нағима Замалиқызы — доцент, омыртқасыздар зоологиясы кафедрасының меңгерушісі.

22. Чердынцев Виктор Викторович — профессор, химия ғылымының докторы, экспериментальды физика кафедрасының меңгерушісі.

23. Чумбалов Таир Бөкешұлы — доцент, химия ғылымының кандидаты.

24. Шмонин Лев Ильич — доцент, химия ғылымының кандидаты.

25. Шварцман Софья Рувимовна — доцент, ботаника кафедрасының меңгерушісі.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары И. ЛУКЪЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы, қаласы.

31 май, 1954 жыл.



# РСФСР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясы

Совет адамдары Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын украин және орыс халықтарының, Совет Одағының барлық халықтарының ұлттық үлкен мерекесін асқан зор патриоттық өрлеу үстінде атап өтуде. Тілі мен мәдениеті жағынан, шыққан тегі мен мінезі жағынан жақын және туысқан екі ұлы славян халқы бұдан 300 жыл бұрын біртұтас Россия мемлекетінде бірікті. Ортақ идеялары мен мүдделері рухтандырған туысқан халықтар үш ғасыр бойына тығыз топтасқан біртұтас сапта келе жатыр. Олардың достығы сыртқы жауларға қарсы, помещиктерге, царизм мен буржуазияға қарсы бірлескен күресте нығайып, шыңдала түсті. Орыс пролетариаты, оның авангарды — кеңестер Ленин құрған Коммунистік партия Россия еңбекшілерінің бостандық, социализм жолындағы күресін бастады. Орыс халқының ізінше украин халқы да социализмнің жолына түсті.

Россия мен Украина еңбекшілері берік топтасып, қоян-қолтық бірлескен жағдайда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі үшін күресті, азамат соғысының майдандарында шайқасты, социалистік қоғам орнатты, Ұлы Отан соғысында біздің Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады.

Орыс халқының және совет елінің басқа халықтарының көмегімен украин ақысқа мерзімде соғыс түсірген зардаптарды жойып, өзінің халық шаруашылығын өркендетудің соғысқа дейінгі дәрежесінен әлде қайда озып кетті.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеу совет халықтарының достығының, Коммунистік партияның, Совет Үкметінің және халықтың ұлы бірлігінің, Коммунистік партияның лениндік- сталиндік ұлт саясаты салтанатының, халықтар достығының ұлы идеясы салтанатының қуатты демонстрациясы болды. Орыс және украин халықтарының ғасырлар бойғы туысқандық достығы ешқашан да сарқылмайды. Бұл достық — коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестің мызғымас ұлы күші, бүкіл прогресшіл адамзат үшін рухтандыратын ұлы өнеге.

22 майда Киевте Украин ССР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясы болды оған барлық одақтас республикалардың өкілдері қатысты. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің украин халқына құттықтауы, сол сыяқты, Украин Советтік Социалистік Республикасын және оның астанасы Киевті Ленин ордендерімен наградау туралы Указ орасан зор жігер сезіммен қарсы алынды.

Кремльдің Үлкен Сарайы үстінде бір-бірімен тең туысқан республикалардың ішіндегі біріншісі — Россия Федерациясының жалауы желбірейді. 29 майда мұнда РСФСР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300

РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов жолдасқа «Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы» баяндама жасау үшін сөз берілді. Залдағылар оны жылы жүзбен қарсы алды.

Пузанов жолдас сессияға келген қымбатты қонақтарды — ұлы украин халқының өкілдерін, Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге қатысу үшін келген барлық туысқан Советтік республикалардың өкілдерін шын жүректен құттықтады. Ол барлық туысқан Советтік республикалардың халықтарына достық және олардың орыс халқы мен Россия Федерациясының барлық халықтарына үздіксіз көрсетіп отырған сенімі үшін зор алғыс және шексіз ризалық білдіреді.

Шешен Поляк Халық Республикасы Сеймі делегациясын құттықтап, бостандық сүйгіш қаһарман поляк халқының социализм құрылысы жолында жаңа даңқты жеңістерге жетуіне тілектестік білдірді. Залда ду қозғалып отырды. Бәрі орындарынан тұрды.

Баяндаманы Украинаның Россиямен қайта қосылуының орасан зор тарихи маңызына толық тоқталды. Қайта қосылу тек украин халқын шетелдік құлдануынан құтқарып, оның ұлттық өркендеуіне мүмкіншілік беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге Россия мемлекетінің нығаюына, оның халықаралық беделінің артуына көмектесті. Россия мен Украинаның өндіргіш күштерінің оған әрі өсуіне, екі туысқан халықтың мәдениет жағынан бірін-бірі байытуына көмектесті. Орыс және украин халықтары өткен 300 жылдық жол екі туысқан славян халықтарының одағының беріктігі мен мызғымастығын көрсетті.

— Біз бәріміз, — деді баяндаманы, — ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сәлемі мен құттықтауын, сол сыяқты орыс халқының және Россия Федерациясының барлық халықтарының мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстағы аса көрнекті табыстары үшін Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасын Ленин Орденімен наградау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указын бүгін орасан зор қуаныш сезімімен тыңдадық.

Бұл жоғары наградаға Россия Федерациясының барлық халықтары өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығы мен мәдениетті оған әрі өркендету ісінде жаңа табыстарға жетумен жауап береді. Республиканың еңбекшілері Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне және Одақтың Үкметке республиканың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге үздіксіз өзінің бөліп, орасан зор көмек көрсетіп, таламстан қамқорлық жасағаны үшін шын жүректен алғыс айтамын.

—Белоруссия КН Орталық Комитетінің секретары Т. С. Горбунов жолдас құттықтау сөз сөйледі.

Поляк Халық Республикасы Сеймі делегациясының басшысы Я. Дембовский жолдасқа сөз берілді.

Ол Польшаның, Россиямен және Украинаның өзат адамдарын тарихтың әртүрлі кезеңдерінде біріктірген терең идеялық байланыстардың, халықтың творчестволық күшіне және бостандық үшін жүресте халықтың түпкілікті жеңісіне сенушілік нығайтқан байланыстардың болғаны туралы айтты.

Совет Одағымен достық, өзара көмек және ынтымақ, деді оған әрі шешен, жаңа демократиялық Польшаның тәуелсіздігінің, оның қуаттылығы мен гүлденуінің, кенілі болып табылады. Совет Одағының көмегі арқасында поляк халқы Польшаның біріккен жұмысшы партиясының басшылығымен өзінің сүйікті Отанына құл-талқан болған жағдайдан қайта көтерілді. Біздің халқымызға әрбір шыйын кезеңде совет адамдары өзінің туысқандық қолын созып, көмек көрсетті. Біздегі социализмнің ірі құрылыстары сіздердің материалдық және техникалық көмектеріңіздің арқасында салынып жатыр. Социалистік Польшаның құрылысына шаруашылықтың барлық салаларында Совет Одағының баға жеткісіз тәжірибесін пайдалануда.

Поляк Халық Республикасының Совет Одағымен туысқандық одағы және достығы бейбітшілік үшін күресте маңызды роль атқарып келеді. Бүкіл бейбітшілік және демократия лагерімен бірге поляк халқы халықаралық қатынастарды жақсарту үшін, халықтардың өзін-өзі билеу және суверенитеттік правосы үшін, жаңа соғысты тұтандырудың және герман милитаризмін қайта тудырудың империалистік жоспарларына қарсы, Европада коллективтік хауісіздікті қамтамасыз ету үшін, халықаралық ынтымақ сапасты үшін күресін келеді және бұдан былай да күресе береді.

Өзбекстан еңбекшілері делегациясының басшысы —Өзбек ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Н. А. Мухитдинов жолдасқа сөз беріп орыс және украин халықтарының бүкіл дүниежүзілік тарихи табыстары үшін, еліміздің барлық халықтарының мызғымас барік достығы үшін мақтаныш және қуаныш сезімі бейнеленді.

Еліміздің тарихында, — деді ол, — ішкі және сыртқы жаулар халықтардың достығын әлсіретуге, олардың арасында алауыздық туғызуға тырысқан жағдайлар аз болған жоқ. Бірақ, жаулардың барлық әрекеттері совет мемлекетінің мызғымас қуаты мен бірлігіне соқтығысып, күйреп отырды.

Бізді Россия Федерациясы Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына жіберіңіз, деді Мухитдинов жолдас. Өзбекстаның

# Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы күрметіне Қызыл Алаңда болған парад және демонстрация

Бөктемнің ашық күні, 30 майда Москва жасарып кеткендей. Оның алаңдары, көшелері күн нұрына бөленген. Қарт Кремльдің мұнаралары, үйлер, бүкіл қала күн сәулесіне шағылысады.

Астананың жасыл киінген бейнесіне мерекелік әсемдіктер келіп ұласты. Барлық жерлерде де алқызыл тулар, транспаранттар, украин ұлттық орнаменттері, РСФСР-дің және УССР-дің мемлекеттік тулары. Астана Украинаның Россиямен қайта қосылуының бүкілхалықтық мерекесін салтанатпен атап өтті.

Таңертеннен бастап Қызыл алаңның гранит мінбелеріне мемлекет және қоғам қайраткерлері, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшылар, оқымыстылар, жазушылар, искусство шеберлері толық толды. Мұнда Россия халықтарының өкілдері —РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары бар. Қатысушылар Украинадан келген қымбатты қонақтарды шын жүректен, жылы жүзбен қарсы алды. Қызыл Алаңда Россия Федерациясы Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына келген одақтас республикалардың делегациялары бар. Орыс және украин халықтарының үш ғасырлық достығын, Совет Одағының барлық халықтарының туысқандық мызғымас достығын атап өтуге мұнда бүкіл ел, барлық халықтар жыйналған сыяқты.

Мінбеді Совет Одағында қонақта жүрген шетелдік делегациялар. Олардың ішінде Поляк Халық Республикасы Сеймінің делегациясы бар.

Дипломатиялық корпусың мүшелері, шетелдік мемлекеттердің соғыс аттаскерлері орын алуда.

Мавзолейдің мінбесіне Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, А. И. Микойн, М. Г. Первухин, Н. М. Шверник, А. И. Бириченко, М. А. Суевлов, Ш. Н. Поспелов жолдас, маршалдар, генералдар мен адмиралдар көтерілді. Олар ұзаққа созылған ду қозғалыстаумен қарсы алынды.

ССРО халықтарының туысқандық мызғымас достығы, Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдық мерекелі күрметіне әскери парад басталды.

Парадты қабылдаушы ССРО Қорғаныс Министрі Совет Одағының Маршалы Н. А. Булганин әскери саптарды аралап жүр. Ол әскерлерді Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығымен құттықтады. Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин парад команданысы армия генералы К. С. Москаленко ертіп жүрді.

Орыстар мен украиндықтардың сыртқы және ішкі жауларға қарсы бірлескен күресін тарих айдың бейнелеуде. Орыс халқы украин халқының аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкийдің басшылығымен жүргізген азаттық соғысына көмектесті. Москва мен Киевтің ұлдары Россияның барлық халықтарымен бірге поляк шлахтасы-

лантты көсемі, тамаша мемлекет қайраткері болды. Оның басшылығымен Украинаның халық-азаттық күштері Украинаны шетелдік құлданушылықтың хауінінен құтқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің елімізде Богдан Хмельницкий ордені берілді. Сөйтіп, Украин қолбасшысының даңқты есімі орыс халқының Суворов, Кутузов, Ушаков, Нахимов, Александр Невский сияқты ұлдарының, тамаша қолбасшыларының есімімен бір қатарға қойылды.

Украинаның Россиямен қайта қосылуынан кейін қаны бір туысқан екі халықтың достығы көптеген он жылдар бойы сыртқы жауларға қарсы, сол сыяқты еңбекшілердің жалпы жауы —патша самодержавиясына, капиталистер мен помещиктерге қарсы бірлесіп жүргізген күресте шынықты және нығайды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде украин халқы суверенді ұлттық мемлекет —Украин Советтік Социалистік Республикасын құрды.

Совет халықтарының біртұтас семьясында, Коммунистік партияның басшылығымен, украин халқы мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысында аса көрнекті табыстарға ие болды, Советтік Украинаны қуатты индустриялы колхозды республикаға айналдырды. Украинада қуатты және жоғары өркендеген өнеркәсіп, механикаландырылған алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы құрылды, нағыз халықтық социалистік мәдениет бұрын соңды болып көрмеген дәрежеде өркендеді. Барлық украин жерлерінің біртұтас мемлекетке біріктірілуі Советтік Украинаның аса зор табыстарының бірі болып табылады, осының нәтижесінде Украин Советтік Социалистік Республикасы Европадағы аса ірі мемлекеттердің бірі болып алды.

Совет өкметі жылдарында украин және орыс халықтарының туысқандық достығы оған сайын нығая түсті. Бұл достық социалистік қоғам құрылысы жолындағы бірлескен еңбекте нығайтылды және шетелдік соғыс интервенциясы мен Ұлы Отан соғысы жылдарында бостандық пен тәуелсіздік үшін болған жалпы күресте төгілген қанмен бекемді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен біздің қуатты Отанымыздың барлық халықтары сыяқты украин және орыс халықтары адамзаттың соулетті болашағы —коммунизм жолында сеніммен алға басуда.

Біздің ұлы көсеміміз және ұстазымыз Владимир Ильич Лениннің ілімі мен өнегелеріне негізделген советтік ұлт саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде біздің елімізде азат социалистік ұлттарды бұрын соңды болып көрмеген дәрежеде топтастыруға қол жетті. Бізде халықтар достығы совет қоғамының қуатты жө-

ріп, олардың күрметіне түрлі түсті ракеталар аспанға атылды. Украинаның бұрынғы партизандары — Ковнактың, Федоровтың, Рудневтың, Сабуровтың, Бегманьң шәкірттері келе жатыр. Украин партизандарының құрамаларында 62 ұлт, тең жартысына жуығы орыстар болды.

Мінбедегілер жау әскерлерді, теңізшілерді, десантшыларды, артиллерияшыларды жылы жүзбен құттықтауда. Шекерашылар заңды мақтауға ие болуда. Олардың туын Совет Одағының Батыры Хомрач әкеле жатыр.

Қуатты техника Қызыл Алаңнан өтті. Бірнеше минут бойына зеңбіректер сүйреп келе жатқан автомобиль моторларының дауысы естіліп тұрды. Машиналар төрт қатар болып өтті. Гвардиялық «Каша» минометтерінің өтуі жаппай қуаныш тудырды.

Қанатты техниканың парадты өте тамаша болды. Флагманың бортында—әуеде ұшудың шеберлері Совет Одағының Батырлары Хвостунов және Роцин. Бір мезетте аспанда зуылдаған түрлі естілді. Реактивтік бомбардировщиктер көрінді. Бұл самолеттердің топтарын Совет Одағының Батыры Кибалько, Лукин және Агафонов басқарып келеді. Мінбедегілер біздің ұшқындарымызды, конструкторларды, самолет жасаушыларды қызу құттықтады.

Қызыл Алаңдағы парад Совет Қарулы Күштері —коммунизм жеңісіне қарай алға басып келе жатқан совет адамдарының бейбіт еңбегінің сенімді тірегі екенін тағы бір рет көрсетті.

Алаң бір сәтке тынышталды. Бірақ міне қуанышты дауыстар естіледі. Москва еңбекшілерінің демонстрациясы басталды. Қызыл Алаңның ортасына ту ұстаушылар тобы жақындап келеді. Орыс мемлекетін құрудың негізі және инициаторы ұлы қаланың көп ғасырлық даңқына бөленген Москваның туы ең алдында салтанатпен желбірейді.

Қызыл Алаңға алқызыл жібек тулар толқыны келді. ССРО Мемлекеттік туының жап-жағында оналты туысқан республикалардың тулары. Қызыл Алаңның бір шетінен бір шетіне дейін Россия Федерациясының барлық халықтарының атынан, Москва еңбекшілерінің атынан бұдан 300 жыл бұрын Россиямен қайта қосылудың тарихи ақтысын жүзеге асырған гүлденген Украинаға арналған сәлем және достық сөздер жазылған тулар тарылған.

Салтанатты мерекеге қатысушылар Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің дамыған негізін салушы Лениннің оның шәкірті ұлы Сталиннің портреттерін жоғары көтеріп келеді.

Еңбекшілер Коммунистік партия



жылдығына арналған Мерекелік сессиясы болды. Біздің халықтарымыздың достығының ұлы мерекесіне совет елінің барлық түпкірлерінен қонақтар келді. Мұнда Украин, Белорусс, Өзбек, Қазақ, Грузия, Азербайжан, Литван, Молдаван, Латвия, Қырғыз, Тәжік, Армян, Түркмен, Эстон, Карел-Фин Советтік Социалистік Республикаларының делегациялары болды. Поляк Халық Республикасы Сейімінің делегациясы қатысып отыр. Қонақтардың ішінде астананың өнеркәсіп орындарының жаңашылдары, көрнекті совет ғалымдары, әдебиет және искусство қайраткерлері, совет елінің даңқты қолбасшылары, партия және совет қызметкерлері болды. Олар мұнда мәжіліс басталардан көп бұрын келді. Дипломатиялық корпустың, совет және шетел журналистерінің дожалары адамға лық толы.

Күндізгі сағат І. Денутаттар мен қонақтар Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, Н. М. Шверник, М. А. Суслев, П. Н. Поспелов жолдастардың, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы мен үкметі мүшелерінің туысқан одақтас республикалардың, Москваның, Ленинградтың, Сталиградтың делегациялары өкілдерінің, Поляк Халық Республикасы Сейімі өкілдерінің келуін орындарынан тұрып, ұзаққа созылған ду қолшалалақтаумен құттықтады.

РСФСР Жоғарғы Советінің Председателі Л. Н. Соловьев қысқаша кіріспе сөз сөйлегеннен кейін Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған мерекелік сессияны ашылды деп жариялады.

Сессияға қатысушылар РСФСР-дің Жоғарғы Советі мен Министрлер Советі атына СССР Жоғарғы Советінің Президиумынан, СССР Министрлер Советінен және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен құттықтау алынғандығы туралы хабарды зор қуанышпен қарсы алды. РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. П. Тарасов құттықтаудың тектігін оқыды. Мерекелік сессияға қатысушылар құттықтаудың терең мазмұнды сөздерін орасан зор зейін қойып тыңдады. Даңқты Коммунистік партия мен туысқан Совет Үкметінің құрметіне, Совет мемлекеті қуаттылығының, барлық социалистік ұлттардың тәуелсіздігі мен гүлденуінің негізі — СССР халықтарының мызғымас ұлы достығының құрметіне ду орация жасалды. Россия Федерациясына ең жоғары үкмет наградасының берілгені туралы хабар ерекше рухтанғандық сезіммен қарсы алынды. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне және орыс халқы мен Россия Федерациясындағы барлық халықтардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылысындағы аса көрнекті табыстарын ескеріп, Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасын Ленин орденімен наградады.

Залда Указ оқылғаннан кейін тағы да ұзаққа созылған ду орация жасалды. Бөрі орындарынан тұрды.

Баяндамашы Россия Федерациясы Халықтарының соғыстан кейінгі дәуірде халық шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстары туралы, еңбекшілердің материалдық әлауқаты мен мәдениетінің өскендігін айтты.

Кремльдің Ұлкен Сарайының зәулім биік, кең залында ұлы орыс және украин халықтарының мызғымас достығының, еліміздің барлық халықтары арасындағы туысқандық достықтың құрметіне, туысқан Совет Үкметінің, совет халқының барлық жеңістерінің ұйымдастырушысы және дем берушісі — ұлы Коммунистік партияның құрметіне айтылған ұранға жауап ретінде ұзақ ду қолшалалақталды.

Председательлік етуші СССР Жоғарғы Советінің Президиумына, СССР Министрлер Советіне және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтау жіберу туралы ұсыныс түскенін хабарлады. Құттықтаудың текстін оқу үшін депутат Н. Д. Казьминге сөз берілді.

Депутаттар мен қонақтар Россия Федерациясы еңбекшілерінің еліміздің халық шаруашылығының жаңа табыстарға жетуі жолындағы күресінің еркі білдірілген құттықтауды қызу мақұлдады.

Украин делегациясының басшысы — Украина КП Орталық Комитетінің бірінші секретары А. И. Кириченко жолдасқа сөз берілді, оны залдағылар қызу қарсы алды.

42 миллиондық украин халқының атынан ол ұлы орыс халқына, Россия Федерациясының барлық халықтарына, Отанымыздың даңқты астанасы — Москваның еңбекшілеріне туысқандық жалынды сәлем жолдан, ұлы, қуанышты мерекемен шын жүректен құттықтады.

Кириченко жолдас біздің ата-бабаларымыздың ерлігі мен данышпандығы, және ұлы славян халықтарының жарқын ақыл-ойы мен болаттай берік қайраты, жалынды жүрегі мен қуатты қолдары шыңдаған Россия мен Украинаның арасындағы ежелгі достық туралы айтты. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеудің салтанаты мен ұлылығын, деді онан әрі шешен, украин халқы ешқашан да ұмытпейды. Ол украин халқының біздің туысқан Коммунистік партияға, біздің Совет Үкметіне сүйіспеншілігі мен шексіз берілгендігінің қуатты демонстрациясына айналды.

Сөзінің қорытындысында Кириченко жолдас былай деді:

— Украин халқы орыс халқына коммунизм жолымен алға басуда жаңа тамаша жеңістерге жетуді шын жүректен тілейді!

— Украинаның туысқан және ерікті апасы — даңқты Русь, ұлы және қуатты, қаһарман орыс халқы жасасын!

Отанымыздың халықтарының лениндік-сталиндік достығы жасасын!

Украин делегациясы ғасырлар бойғы мызғымас достықтың белгісі ретінде Россия Федерациясына және ұлы орыс халқына ту тарту етті.

Белоруссия делегациясының басшысы

интернационализмнің туынан ешқашан да айнымайтындығына, Совет Одағы халықтарының ұлы достығын қасиеттен сәктен, онан әрі нығайта беретіндігіне сіздерді сендіруді өтінді.

Азербайжан халқының атынан Азербайжан ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. Ибрагимов жолдас құттықтау сөз сөйледі. Ол Совет Одағының барлық халықтары өздерінің ең жақсы істері мен ақыл-ойларында рухани күші мол және достықтан айнымайтын қуатты орыс халқына сүйеніп, оның достығы мен көмегін күнбе-күн сезіп отыратыны туралы айтты.

Мұнымен бірге, сессияда туысқан одақтық республикалар делегацияларының басшылары құттықтап сөз сөйледі: Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары М. Бейсебаев жолдас, Грузия ССР Министрлер Советі Президиумының Председателі Г. Д. Джавахишвили жолдас, Литван ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ю. П. Палецкис жолдас, Молдавия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Д. С. Гладкий жолдас, Латвия ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. М. Озолин жолдас, Қырғыз ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Құлатов жолдас, Тәжік ССР Министрлер Советінің Председателі Д. Раулов жолдас, жазушы Н. Зарьян, Түркмен ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі А. Сарыев жолдас, Эстон ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары Э. Пусеп жолдас, Карел-Фин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі О. В. Куусинен жолдас.

Сессияға қатысушылар Украин ССР Жоғарғы Советіне, ұлы украин халқына зор өрлеу үстінде құттықтау хат қабылдады. Хаттың текстін депутат Е. А. Фурцева оқыды. Хатта ұлы орыс халқының өзінің қаны бір туысқан украин халқына деген достығы мен сүйіспеншілігінің сөздері, барлық халықтардың өзінің даңқты жеңімпаз Отаны үшін, оның коммунистік қоғам құрылысындағы ұлы табыстары үшін асқан зор мақтанш сезіммен нұрланған ортақ салтанаты жөніндегі жалынды құттықтау сөздері айтылған.

Председательлік етуші РСФСР Жоғарғы Советінің және оның Президиумының атына, сол сыяқты РСФСР Министрлер Советінің атына көптеген құттықтау телеграммалары түскенін хабарлады. Ол сессияның атынан барлық құттықтаған ұйымдарға алғыс айтты.

Депутат Соловьев бүкілхалықтық мерекеге байланысты жылы шырайлы сәлем жолдағаны және құттықтағаны үшін құрметті қонақтарға — туысқан одақтас республикалардың, қаһарман қалалардың өкілдеріне және Поляк Халық Республикасы Сейімінің делегациясына жалынды сәлем айтып, РСФСР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясын жабық деп жариялады.

таушы күші, оның мемлекетінің қуаттылығын қайнар көзі болып алды. Қатарында Совет Одағының көптеген ұлттарының ұлдары қызмет атқаратын біздің айбынды Қарулы Күштеріміз СССР халықтарының туысқандық достығы мен жауынгерлік серіктестігінің нақты үлгісі болып табылады.

Украин, орыс және, еліміздің барлық халықтарының мәңгі мызғымас достығы жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — біздің даңқты Коммунистік партия жасасын!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

мен қуатының қайнар көзі болып алды. Қатарында Совет Одағының көптеген ұлттарының ұлдары қызмет атқаратын біздің айбынды Қарулы Күштеріміз СССР халықтарының туысқандық достығы мен жауынгерлік серіктестігінің нақты үлгісі болып табылады.

Украин, орыс және, еліміздің барлық халықтарының мәңгі мызғымас достығы жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — біздің даңқты Коммунистік партия жасасын!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Ура!

Совет Үкметінің басшылары Г. М. Маленковтың, В. М. Молотовтың, Н. С. Хрущевтың, К. Е. Ворошиловтың, Н. А. Булганинның, Л. М. Кагановичтің, А. И. Микоянның, М. З. Сабуровтың, М. Г. Первухиннің портреттерін көтеріп келеді.

Мінбе алдынан Фрунзе, Пролетар, Краснопреснен және астананың басқа аудандарындағы ірі-ірі заводтар мен фабрикалардың өкілдері өтіп барады.

Қызыл Алаңнан өтіп бара жатқан жұмысшылар колонналарының үстінде бұл күндері Ленин орденімен наградалған Россия Федерациясының ашық көкшіл жолы бар туы желбірейді.

Таза ауада орыс және украин өлеңдерінің сазды үндері қосылып естіледі. Мінбелерден қызу құттықтаулар естілуде.

Мерекелік колонналарды тамаша жабықтау совет адамдарының Отанымыздың қуаттылығын онан әрі арттыру, халықтың тұрмысын онан әрі толық қамтамасыз етілген және тамаша етуге деген еркін айқын білдіреді. Бұл міндеттерді шешуде соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті өркендетуде аса көрнекті табыстар жеткен Россия Федерациясы еңбекшілерінің ролі ерекше зор. Тулар мен транспаранттарға жазылған цифрлар мен үндеулер мұны айқын дәлелдейді.

Москваның «Динамо» зауыдының демонстранттары қатарында атақты шеберлер Косяков және Лукахин келеді. Олар басқа москвалықтармен бірге Днепротровекінің Ленин атындағы су электр станциясын қалпына келтіруге өздерінің үлестерін қосты. Қазір динамолықтар Украинаның жаңа құрылыстары үшін жаңа завқарды орындауда. Мерекелік колоннада Каховка СЭС-і үшін уникалдық жабықтар жасаған Виктор Емельянов және басқа инженерлер келеді.

Қызыл Алаңнан ғалымдар, архитекторлар, суретшілер өтуде. Олар Украинаны сәулетті ету үшін, оның өндірістік күшін жоғары көтеру және халықтардың байлығын арттыру жолында творчестволық көп күш-жігер жұмсады.

Алаңға көптеген жаңа колонналар келуде. Демонстрацияға қатысушылар бүкілхалықтық мерекенің бейбітшілігі үшін, демократия үшін, социализм үшін күресуші ұлы Қытайдың, халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне, барлық халықтарға шын жүректен сәлем жолдады.

Салтанатты мерекені физкультурашылар, даңқты совет жастары аяқтады. Олардың қатарында қазіргі уақытта Совет Одағының 59 ұлтының 17 мыңға жуық жас жігіттері мен қыздары оқыл жүрген Москва университетінің студенттері келеді.

Еңбекшілердің Қызыл Алаңдағы демонстрациясы советтік еліміздің барлық халықтарының Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтақандығының туы астында өтті. Қала демонстранттары өздерінің барлық күшін коммунизм құрылысының ұлы ісіне арнауға деген мызғымас еркін білдірді.



# Кезінде және сапалы әзірленген пар—мол өнімнің негізі

## Жоспардан тыс пар жыртудамыз

Петропавл совхозының коллективі үстемізге жылы пар жырту жұмысына мерзімінде тыңғылықты әзірленіп, оны зор ұйымшылдықпен жүргізуде. Совхоз механизаторлары пар жырту жұмысының алғашқы күнінен бастап өзара социалистік жарысқа ұштасып, белгіленген жоспарды мерзімінен бұрын жоғары агротехникалық дәрежеде өткізу үшін міндеттенген болатын. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындады. Совхоз пар дайындау жоспарын 26 майда 100 процент орындап, жоспардан тыс жер жыртуға кірісті.

Пар жыртуда қуатты тракторлар пайдаланылуда. Мұның өзі жерді терең жыртуға мүмкіндік беріп, жұмыстың сапалы болуын қамтамасыз етуде.

Механизаторлардың арасында әсересе, тракторшы Соколов жолдас жақсы көрсеткіштерге жетісіп жүр. Ол трактор қуатын өнімді пайдаланудың шебері екенін көрсетіп, өзінің сменалық тапсырмасын үнемі 120—140 процент орындай отырып, жағар және жанар майларын үнемдеуде. Сол сияқты, «СХТЗ» тракторын жүргізуді Кельш жолдас та трактор қуатын іскерлікпен пайдаланып, сменалық нормасын толық және артығымен орындап келеді.

Бұл күндері совхоз механизаторлары жоспардан тыс 200 гектарға жуық пар жыртпақ болып, бұл жұмысты іске асыру үшін еңбек өнімділігін арттыруда.


**И. ГОРБУНОВ,**

Петропавл совхозының директоры.

## 4700 ГЕКТАР

Жаңадан құрылған Булаев астық совхозы быйыл келесі жылдың егістері үшін тың және тыңайған жерлер есебінен 9.600 гектар пар жыртуға тиіс. Совхоз коллективі бұл міндетті орындауға көктемгі егіс жұмыстарын аяқтасымен кірісті. Трактор бригадаларындағы барлық механизаторлар пар жетерудің алғашқы күнінен бастап, техника күшін өнімді пайдалану негізінде сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындап келеді. Осының нәтижесінде совхозда 1 июньге дейін 4700 гектар пар жыртылды.

Механизаторлар өзара социалистік жарысты күннен-күнге өрістете отырып, еңбек өнімділігін еселеп арттырумен бірге, жердің агротехникалық жоғары сапада өңделуіне ерекше назар аударуда. Олар құнарлы топырақтың қалыңдығына қарай жерді қосымша түрдегі плугпен 25—27 сантиметр тереңдікте жыртуды қамтамасыз етіп жүр. Сонымен бірге, жердің тыңдығын үстінгі шым қабаты борозда-



Булаев МТС-нің № 24 трактор отрядының коллективі еңбек даласында зор табысқа ие болды. Олар Булаев ауданының «Коминтерн» колхозында көктемде 630 гектар жер жыртты. Көзір отряд коллективі пар айыруда. Пар айыруда «С—80» тракторында И. Френцень жақсы көрсеткіштерге ие болуда. Олар күнделік тапсырмаларын 1,5 еседен асыра орындап отырады. Суретте: Я. Даубтың агрегаты пар айырып жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Әрбір совхозда пар жырту жоспары мерзімінде, сапалы орындалсын

Кәзіргі уақытта партиямыз бен үкметіміз колхоздар мен совхоздардың алдына астық өндірісін шұғыл өркендету міндетін қойып отыр. Бұл міндеттің мінез жүзеге асырылуы дөңді дақылдардың көлемін ұлғайтуға және олардан алынатын өнімді едәуір арттыруға тығыз байланысты. Ал, егіс көлемін ұлғайту және алынатын өнімді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдаланудың маңызы зор.

Егіннің шығымдылығын арттыруда пар жырту көп роль атқарады. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар өздерінің іс тәжірибесінде кезінде жырттылып, сапалы жұмысталған пардан мол өнім алынатындығын көріп жүр. Мұндай мысалды біздің облыстың совхоздарының өмірінен де кездестіруге болады. Өткен жылы Торангүл және Преснов совхоздарында дөңді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 15,5 центнерден өнім жыйналды. Ал, ерте дайындалған парға себілген дақылдардың гектарынан 20 центнерден және одан да артық өнім алынды.

Мұнымен бірге, көп дайындалған пар көктемгі егіс жұмыстарының қысқа мерзімде, сапалы өткізілуіне мүмкіндік береді. Өткен жылы Чистов және Киров атындағы совхоздар быйылғы жылдың егісіне пар мен зябты көптеп дайындады. Бұл аталған совхоздарда быйылғы

жырталуда. Мысалға Токшын совхозын алуға болады. Мұнда көктемгі егіс жұмыстары аяқталғалы бір аптадай уақыт өтті. Солай бола тұрса да, совхоз пар жыртуда кіріспей отыр.

Жағдай Октябрь және Степной совхоздарында да нашар. Бұл совхоздарда тракторлардың егіс жұмыстарынан босағанына біраз уақыт өтті. Бірақ, совхоз директоры тракторларды дереу пар жыртуға қосуды ұйымдастырмады, техниканың босқа қарап тұруына көріне-көзге жол берді. Бұл екі совхозда өткен жылы да пар және зябты жырту жоспарлары орындалмағанды. Осы себепті совхоздарда быйылғы егіс жұмыстары ұзаққа созылды. Алайда, олар бұдан әлі күнге дейін тиісті қорытынды шығармай жүр.

Өткен жылы да бірқатар совхоздардың басшылары «пар жыртуға уақыт жеткілікті» деген зиянды пікірдің шырмауында болып, бұл жұмысты көріне-көзге кешіктіргенді. Олар быйыл да осындай пікірде болып, пар жыртуды шын мәнінде ұйымдастыра алмай отыр.

Быйылғы пар жырту маусымы аса жауаптылықты қажет етеді. Барлық жыртатын пардың 80 проценті тың және тыңайған жерлер есебінен. Сондықтан пар жыртудағы жайбарақаттықты тезінен жойып, бұл іске барлық техниканың күшін тиімді пайдалану керек.

## Шын жүректен сүйгендік

Пионер:

—Айтыңызшы, ағатай. Өлемде қай тау ең биік?

Альпинист:

—Шыңында адам болмаған, Суықтар да сөзсіз қонбаған. Мәңгі мұз басқан төбесін (Бұлтан төмен демессін) Өлемде сол тау ең биік. —Одан да биік біздердің Туған елді—Отанды— Шын жүректен сүйгендік!

Пионер:

—Айтыңызшы сіз, аға. Қай теңіз екен ең терең?

Матрос:

—Тереңдігін өлшесең жалған жүзін, Якорің жер қаппаса сонша ұзын, Бұл араның түбі мен жер қанды Шектесізгі дейтуғын болса ұғым, Сол теңізде шыңырау ең тереңдік. —Одан да терең біздердің, Туған елді—Отанды— Шын жүректен сүйгендік!

Пионер:

—Айтыңызшы сіз, тәте. Қай планета ең ыстық?

Астроном:

Өзге түгіл сом болат та жанады отқа От ішінде балқымас құрыш та жоқ. Сол қызу күн қызуымен салыстырса Жалғыз оттан бейне бір бөлінген шөк. Бұған қарап ойлама «Ендеше, деп, күн ыстық». Зерттедік біз, әлемде, Жұлдыздар ғана ең ыстық. —Одан да ыстық біздердің Туған елді—Отанды— Шын жүректен сүйгендік!

С. АЯПБЕРГЕНОВ.

—000—

## Ұйымшыл коллектив

Қаладағы шаруашылық есептегі № 60 магазин тұтынушыларды мінезі қамтытын сауда орындарының бірі. Осы жылдың өткен айларындағы социалистік жарыстың қорытындысында бұл магазин бірінші орынға шығып, кәсіпшілер одағының облыстық комитеті мен қалалық сауда мекемесінің ауыспалы Қызыл туын алды. Магазин товар айналымы жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша 111 процент орындады. Мұнымен бірге жобадан тыс 20 мың сом кіріс берді.

Бұл ең алдымен магазин коллективінің тығыз ытымақтаса еңбек етуінің игілікті жемісі. Олар магазинде тұтынушыларға бірінші қажетті товарлардың үнемі болып тұруын қамтамасыз етіп келеді. Осымен бірге сатушылар еңбекшілер керексінуге терең зерттеп, олардың қалаған товарларын мезгілімен сатып алуына көмектесіп отырады.

Х. Хамитова жолдас осы магазинде 20 жылдан бері сатушы болып істейді. Ол—дайын кәсіпкер бөлімінің сатушысы. Осы уақыт ішінде бай тәжірибеге ие болған ол сатушыларға мінезі зор көмекшілік

## Комбайндарды егін жыйнауға сапалы әзірлеу—маңызды міндет

Быйыл облыстың колхоздарында егіс көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен едәуір ұлғайды. Мұның өзі МТС механизаторларынан көктемгі егіс кезінде ғана емес, сонымен қатар егін жыйнау кезінде де колхоздарға нақтылы көмек көрсетіп, егін даласында жұмысты зор ұйымшылдықпен жүргізуді талап етеді. Демек, егінді кезінде, ысыраққа ұшыратпай жыйнап алу керек. Сөйтіп, колхоздардың мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінде орындауына, колхозшылардың еңбеккүндеріне астықтың мол берілуіне жетісу қажет.

Мұны жете түсінген бірқатар МТС-тердің коллективтері комбайндарды жөндеуді тыңғылықты ұйымдастырып, оны үлгілі жүргізуде. Мысалға Вильямс атындағы, Суворов атындағы МТС-терді алуға болады. Бұл МТС-терде көзірдің өзінде комбайндарды жөндеу жоспары 31—32 проценттен орындалды. Осы сияқты Налобин, Интернационал МТС-терінің коллективтері егін жыйнауға тыңғылықты әзірленуде. Бұл МТС-тердің коллективтері өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін комбайндарды тез өрі сапалы жөндеуге жұмылдыра білді. МТС басшылары бұл жұмысқа комбайншылардың түгел қатысуын және жөндеу ісінің тораптық әдіс бойынша ұйымдастырылуын қамтамасыз ете білген. Мұнымен бірге, колхоздардың егіннің ысырапын, тез жыйнап алу жағдайындағы жөндеушілердің белсенділіктері күн санап арта түсуде. Өткен жылы бұл МТС-терде бірқатар комбайндар сапасыз жөндегендіктен егін жыйнау кезінде аңызда тоқтап тұрғанды. Механизаторлар өткен жылдың бұл кемшілігінен нақтылы қорытынды шығарып, оны быйыл қайталамаудың шараларын жүзеге асырды.

Алайда, комбайн жөндеудің мұндай алдыңғы қатарлылары облысымызда мүлдем аз. Көптеген МТС-тер бұл маңызды іске әлі күнге дейін шын мәнінде кіріспей отыр. МТС басшылары «әлі уақыт бар, егін піскенге дейін комбайндарды жөндеу үлгерміз» деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай, бұл іске жете көңіл бөлмей келеді. Осының салдарынан облысымызда комбайндарды жөндеу жоспары небары 13,5 процент ғана орындалды.

Комбайндарды жөндеудің барысы әсересе, Баян, Майбалық, Коновалов, Семиполка, Ильич атындағы МТС-терде мүлдем қанағаттанғысыз. Бұл аталған МТС-тердің басшылары комбайндарды жөндеуді ұйымдастыруға жауапсыз қарап келеді. Мастерскойда жөндеу жұмысының кең өріс алуына, бұл іске барлық комбайншылардың және көмекшілердің толық қатысуына қолайлы жағдай жасалмады.

Мұнымен бірге жөндеушілер арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Сол сияқты жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізілмейді. Осының салдарынан бұл МТС-терде осы уақытқа дейін бірде-бір комбайн жөндеген жоқ.

Баян МТС-і әлі күнге дейін комбайн жөндеуге мүлдем кіріспеген. Тіпті бұл МТС-тің басшылары Мамлют жөндеу зауытына жөндеуге өтініш беріп отыр.

Мұнымен бірге жөндеушілер арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Сол сияқты жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізілмейді. Осының салдарынан бұл МТС-терде осы уақытқа дейін бірде-бір комбайн жөндеген жоқ.

Баян МТС-і әлі күнге дейін комбайн жөндеуге мүлдем кіріспеген. Тіпті бұл МТС-тің басшылары Мамлют жөндеу зауытына жөндеуге өтініш беріп отыр.

Мұнымен бірге жөндеушілер арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Сол сияқты жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізілмейді. Осының салдарынан бұл МТС-терде осы уақытқа дейін бірде-бір комбайн жөндеген жоқ.

рын әкелуді де ұйымдастырмаған. Тегі МТС директоры Ковшов және партия ұйымының секретары Карпов жолдастар егін жыйнау маусымына әзірлікті ұйымдастыруды ұмытқан болулары керек. Жағдай Майбалық МТС-інде де (директоры Соколов, партия ұйымының секретары Тамбаев жолдастар) осындай. МТС жөндеу жұмысына жанада ғана кіріскен. Солай бола тұрса да, мұнда бұл жұмыс тораптық әдіс бойынша емес, жабайы әдіс бойынша жүргізілуде. Мастерскойда комбайндарды жөндеу графигі жасалмаған. Жөндеушілер күнделікті жұмыс тапсырмаларын білмейді.

Көзір егін жыйнау маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленудің шешуші кезеңі туды. Сондықтан МТС дирекциялары мен партия ұйымдары барлық мүмкіншіліктерді комбайндарды тез өрі сапалы жөндеуге жұмылдыра білуге тиіс.

Облыстың қай МТС-інде болсын комбайндарды жөндеуді кеңінен өрістетуге, бұл жұмысты тек тораптық әдіс бойынша жүргізуге қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Мастерскойларда жұмысты күн-түні бірдей ұйымдастыруға да адам күші жеткілікті. Ол үшін бұл іске барлық комбайншыларды және олардың көмекшілерін толық қатыстыра білу керек.

Жөндеушілер әрбір комбайнда үшінші астық тазартқышы болуына жете назар аударуы керек. Бұл астық дайындау жұмысын ұйымшылдықпен тоқтаусыз жүргізуге мүмкіндік тудырады. Осы себепті МТС басшыларына орынды талап қойылады. Олар әрбір комбайнда үшінші астық тазартқышы болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Өткен жылы Майбалық және Торангүл МТС-терінде көптеген комбайндарда сабан мен мекен үйгіштер болмады. Мұндай кемшілік быйыл мүлдем жойылуға тиіс. Сондықтан, әрбір комбайнда сабан үйгіштер болуы керек.

МТС коллективтерінің кәзіргі ең маңызды міндеті—егін жыйнау жұмыстарын қолжетпейтін механикаландыру, ол үшін бұл іске мұқият әзірлену. Комбайндарды сапалы және толық жөндеген уақытта ғана колхоздарда егін жыйнау маусымын қысқа мерзімде өткізуге жетісуге болады. Көп жерлерде комбайндарды жөндеу сапасына назар аударылмайды. Жөндеген комбайндарды қабылдайтын комиссиялар өз міндеттеріне жауаптылықпен қарауға, әрбір комбайнның сапалы жөндеуін талап етуге тиіс.

Комбайндарды жөндеуде МТС партия ұйымдары мен жұмысшылар комитеттеріне де жауапты міндеттер жүктеледі. Партия ұйымы мен жұмысшылар комитеті жөндеушілер арасында өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, ол жарыста алынған міндеттемелердің сөзсіз орындалуына жетісуге, алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру арқылы жалпы МТС бойынша зор өрлеу тудызып отыруға тиіс.

**П. СИНИЧКИН,**

Облыстық ауылшаруашылық басқар-



ның түбіне жатуына, сөйтіп, жерді өңдеген кезде оның қаратопырақты қабағын арастасуына жетісуде.

Совхоз коллективі еңбек өнімділігін бұдан былай да арттыра отырып, пар жыртыу жөніндегі жоспарды агротехникалық ережелерге сай орындау үшін күресуде.

**Г. ҚАНАФИН.**

### Алғашқы қарқын

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозында жұмыс істейтін Совет МТС-нің Н. Ландаш жолдас басқаратын трактор бригадасындағы механизаторлар өздерінің көктемгі егіс кезінде алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Олар 1100 гектардан астам егістікті агротехникалық жоғары сапада жұмыстап, оған дәнді дақылдар тұқымын септі.

Бригада мүшелері көктемгі егіс жұмыстарын аяқтасымен келесі жылдың егістері үшін пар жыртыуға қызу кірісті. Тракторшы Плотников, Поневский, Лысенко жолдастар көктемгі егіс кезіндегі еңбек өнімділігін арттыруда қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, пар жыртыуда да сменалық талсырмаларын толық орындап жүр. Бригададағы басқа механизаторлар да машиналардың техникалық күтімін жақсартып, олардың қалтқысыз жұмыс істеуіне жетісіп келеді.

Осының нәтижесінде Ландаш жолдас басқарған трактор бригадасы алғашқы бес жұмыс күні ішінде 100 гектардан астам пар жыртып, Колхоз басқармасы жыртылған жердің сапасын жақсы деген бағамен қабылдап алады.

Беше пар жыртыу жұмысына осы колхозда жұмыс істейтін Меркель, Игнатенко жолдастар басқаратын трактор бригадалары да кірісті.

**С. ТЕМІРБАЕВ.**

### 1955 ЖЫЛДЫҢ ЕГІСІ ҮШІН ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ

1955 жылдың егісі үшін игерілген тың жерлерді жыртыуға көктемгі егіс жұмыстары аяқталысымен дереу кірісіп, ол жерлерді август айының ортасына дейін жыртып болу керек. Шөбі бітік учасоктер, ол шөпті шауып және жыйнап алғаннан кейін жыртылуы тиіс.

Тың және тыңайған жерлер қосымша түрленді плугтермен кемінде 25-27 сантиметр тереңдікте жыртылады. Құнарлы қаратопырақты қабаты жұқа учасоктер сол құнарлы топырағының қалыңдығы толық қамтыла жыртылады. Тың және тыңайған жерлерді жыртып кезде агрегатқа плугпен бірге тіркелген тырмамен екі ізде тырмалау керек.

Шым қабаты өте қалыңдап кеткен жерді жыртыу алдында екі ізде дискелеу қажет. Ал, топырақ қабаты жұқа жерді жыртыу кезінде тырмалаумен бірге, жыртып болғаннан кейін ұзын бойымен қосымша дискелеу керек.

Терең, жақсы жыртылған тың жерді жазғы және күзгі маусымда қосымша өңдеу қажет емес.

Жыртылған жерлерге жазда арамшөп көктеген немесе жер қайта құртыстана бастаған жағдайда оны жеңіл тырмамен және шағын культиватормен өңдеу керек.

Бидайық шыққан тыңайған жерді бірінші кезекте және мүмкіншілігіне қарай ерте жыртып жөн. Мұндай учасоктерді топырақтың 10-12 сантиметр тереңдігіндегі арамшөп-

егіс жұмыстарының қысқа мерзімде аяқталуына қолайлы жағдай турғызды.

Келесі жылдың егісі үшін әзірлікті осы бастан жүргізу маңызын жете түсінген бірқатар совхоздардың коллективтері пар жыртыуға май айының екінші онкүндігінде кірісіп, бұл жұмысты көктемгі егістен ұштастыра жүргізді. Мысалға Чистов және Явленко совхоздарына алуға болады. Бұл совхоздардың басшылары 15 майдан бастап пар жыртыуға бірқатар тракторларды бөледі. Көзгігі уақытта совхоздарда мыңдаған гектар пар жыртылды.

Осы сыяқты, жаңадан ұйымдастырылған бірқатар совхоздарда да тың және тыңайған жерлер есебінен пар жыртыу үлгілі ұйымдастырылып отыр. Бұл күнге дейін Булаев совхозында пар жыртыу жоспары 45,6 процент, Жданов атындағы совхозда 24,6 процент орындалды. Тың жерлер есебінен пар жыртыуды Маленков атындағы, Докучаев атындағы, Тимирязев атындағы совхоздар да қызу қарқынмен жүргізуде.

Аталған совхоздардың осындай игілікті жұмыстарды істеуін алдымен совхоз дирекциялары мен партия ұйымдарының агрономдар мен механизаторлардың астық өндірісін өркендету жөніндегі партиямыздың алға қойып отырған міндетін жете түсінгендіктен және бұл міндетті орындауға барлық күш- мүмкіншілікті толық пайдалана білулерінен деп түсіну керек. Бұл шаруашылықтарда пар жыртыуға техника күші, сарқа пайдаланылып, еңбек өнімділігін арттыру жолында механизаторлардың өзара социалистік жарысы күн санап өріс алады.

Алайда, барлық совхоздарда жағдай осындай деуге болмайды. Бірқатар совхоздардың басшылары егін шығымдылығын арттыруда пар жыртыудың маңызы ерекше күшті екендігін түсінсе де бұл жұмысты шын мәнінде ұйымдастырмай келеді. Олар әлі күнге дейін ыргалып-

Келесі жылы облыс совхоздарында дәнді дақылдардың көлемі 1953 жылығандан 3,6 есе, оның ішінде бағалы дақыл — жаздық бидай егісі төрт есе ұлғаяды. Мұның өзі әрбір шаруашылықтан келесі жылдың егісі үшін жер дайындау ісін ұйымшылдықпен жүргізуді талап етеді. Сондықтан пар жыртыуды агротехникалық қолайлы мерзімде сапалы өткізу үшін совхоз басшылары іске оперативті басшылық етіп, механизаторлардың жұмысына күнбе-күн, нақтылы басшылық жасап отырулары керек. Олар әрбір трактордың екі сменана тоқтаусыз жұмыс істеуіне, әрбір тракторшының сменалық жұмыс нормасын артығымен орындап отыруына жетісулері қажет.

Совхоз партия ұйымдары бригадалар және жекелеген механизаторлар арасында өзара социалистік жарысты көңінен өрістетуге, ол жарыста алынған міндетменің сөзсіз орындалуын қадағалап отыруға міндетті. Партия ұйымының үгітшілері механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын күнделікті жұмыспен байланыстыра жүргізуге, социалистік жарыстың қорытындысын күнбе-күн шығарып, алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыруға тиіс.

Тың және тыңайған жерлер қосымша түрленді бар плугтермен жыртылуы қажет. Бұл істе агрономдар шешуші роль атқаруға тиіс. Олар әрбір механизатордан жұмыстың сапалы болуын қатаң талап етуге міндетті.

Облыстың әрбір совхозында пар жыртыу жоспарын мерзімінде орындауға қажетті күш- мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Мәселе бұл жұмысты совхоз басшылары мен партия ұйымдарының ұйымдастыра білулерінде.

**Н. БОЙЧЕНКО,**

ҚКП облыстық комитетінің совхоздар секторының меңгерушісі.

мен көзге түсті. Хамитова жолдас әрбір тұтынушының өзіне керекті товарды сатып алуына шын пейілімен көмектесуде. Сондықтан да, ол товар айнылымы жоғары ай сайын асыра орындаумен келеді.

Магазінде өздерінің құрметті міндетіне — совет тұтынушыларын мінсіз қамту ісіне асқан ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарайтын сатушылар әлде нешеу. Мысалы, балалардың тігуді киімдерін сататын бөлімнің сатушысы А. Левина, дайын киімдер бөлімінің сатушысы А. Слепцова жолдастар тұтынушыларға мінсіз қызмет етуімен үздік шыққандар. Бұлардың әрқайсысы еңбекшілерді мәдениетті қамту нәтижесінде товар айнылымы жоғары асыра орындап, ай сайын мыңдаған сомның товарларын нормадан артық сатуға жетісіп жүр.

Бұл күндері ұйымшыл коллектив тұтынушыларды қамтуды бұрынғыдан да жақсартып, товар айнылымын тездетіп түсу үшін күресуде.

**М. БОЛАТОВ.**

### Игілікті нәтижелер

Қаладағы нан комбинатының коллективі Москва қаласы мен Москва облысы алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бастамасы бойынша жұмыс істеп, азық-түлік товарларын көптеп шығару және оның сапасын жақсарту үшін күресуде.

Комбинат коллективі еңбек өнімділігін арттыра отырып, жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітуге жетісіп, Мұнда жұмысшылар еңбекшілер үшін жоғары сапалы азық-түлік товарларын шығару мақсатымен социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған-ды. Көзгі олардың көпшілігі еңбек өнімділігін арттырып, сменалық норманы артығымен орындады.

Әсіресе, нан пісіру цехындағы Добрынина, Белоусова жолдастар басқарған мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадалар мен тәтті тағамдар өндіретін цехтағы Чурсина, Шувринова жолдастардың бригадалары сменалық тапсырмаларын ұдайы 115 процент орындап жүр. Сол сыяқты, бригада мастерлері Шияхтина, Синицкий жолдастар тәтті тағамдарды көп өндіру жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, өнімді еңбектің үлгілерін көрсетіп келеді.

Комсомолқалар Казарина, Столбикова, Москалева жолдастар сменалық нормаларын 116—124 проценттен кем орындамайды.

Міне, озаттардың осындай қажырлы еңбек етуі нәтижесінде комбинат азық-түлік товарларын көп шығарып, оның сапасын жақсартта түсті.

Көзгі комбинат коллективі жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс бірнеше тонна нан және тәтті нан тағамдарын шығармақшы.

**Г. КӨРПЕШОВА.**

### КАРТОП ЕГУДІ АЯҚТАДЫ

Ворошилов атындағы колхоздың (Мамлют ауданы) мүшелері быыл картоп егісінің көлемін едәуір ұлғайтты. Картоп топырағы құнарлы, жақсы жұмысталған жерге шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды. Колхозшылар және осы колхозда жұмыс істейтін Чапаев атындағы МТС-тің механизаторлары картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызуға трактор плугін шебер пайдалана білді. Сонымен бірге, олар бұл жұмыста еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетті. Осының нәтижесінде картоп отырғызу тез және жоғары сапада өткізілді.

Картоп егісінің жоспары Куйбышев атындағы, Вильямс атындағы, «Индуст-

рия» колхоздарында да толық орындалды. Олардың барлығы да картоп отырғызуға шаршы-ұялы әдісті көңінен қолданды. Арнаулы картоп отырғызғыштардың болмағанына қарамастан, колхозшылар мен механизаторлар картопты шаршы-ұялы әдіспен егудің ережелерін мұқият сақтай отырып, бұл жұмысқа трактор плугтерін ойлағдай пайдаланды.

Көзгі бұл колхоздардың мүшелері мен механизаторлар пар жыртыу, пішен шабуға әзірлену жұмыстарымен қатар картопты күтіп баптауды да қызу қолға алды.

**А. МАНУИЛОВ.**

### ЕМТИХАН ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ӨТУДЕ

Булаев орта мектебінің оқушы және оқытушылар коллективі кластан-класта көшу сынақтары мен емтихандарға зор дайындықпен келген-ді. Соның нәтижесінде емтиханның алғашқы күндері зор табыспен өтуде.

Орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы Казакова және Омельченко жолдастардың қажырлы еңбек етулерінің нәтижесінде быылғы жылы орта мектепті бітіруші 103 оқушының емтихан көрсеткіштері жоғары болды. Көмекшілік аттестат үшін емтихан тапсырған оқушылардың 60 проценттен астамы «жақсы» және «өте жақсы» деген баға алды.

Емтихан IX класта да ойдағыдай өтуде. Мәселен, жуырда болып өткен математика сабағының емтиханында I класс оқушылары түгелдей жақсы баға алды. Ал, осы сабақтан жазбаша емтихан тапсырған VIII класс оқушыларының 70 проценттен астамы «4» және «5» деген бағаға ие болды.

\*\*\*

Октябрь ауданындағы Қызылту жеті-жылдық мектебінің коллективі жазғы емтиханға әзірлік жұмыстарын ерте бастап қолға алып, оны сапалы жүргізді. Соның нәтижесінде көзгі мектепте емтихан ойдағыдай аяқталып отыр.

5-класс оқушыларынан емтиханға жіберілгендердің барлығы да емтиханнан мүдірмей өтіп, 6-классқа көшірілді.

Сол сыяқты 6—7 кластардағы емтихан нәтижелері қанағаттанарлықтай. 7-клас-

Көзгігі уақытта мектеп коллективі емтиханды ойдағыдай аяқтау жұмысын қызу жүргізуде. Ол үшін алдағы болатын емтихан сабақтарынан консультациялар мен қосымша сабақтар жиі-жиі ұйымдастырылып, оқушылардың емтиханға ойдағыдай дайындалуына барлық жағдайлар жасалуда. Сол сыяқты, оқушылардың демалыс уақыттарын көңілді өткізулері де қарастырылған.

Емтиханды ойдағыдай аяқтауда, әсіресе, республикаға еңбегі сіңген мұғалім М. Чернышева, оқытушылар Н. Васильев, К. Тарасов, А. Лукинова жолдастар қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Олар емтихан кезінде оқушылардың өз уақыттарын дұрыс пайдалануына, материалдарды толық меңгеруіне жетісу жолында үзбей жұмыс жүргізіп келеді.

**П. ЛОТНИОНОВ,**

Булаев орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі.

тағы 20 оқушының бірде-бірі қазақ тілінен емтихан тапсырғанда нашар деген баға алған жоқ. М. Сүлейменова, З. Махметова, Г. Мұқыжанова, сыяқты оқушылар мазмұндасыз 5-ке, ал оқушылар К. Әбжанов З. Төлегенова, З. Ахметқалиева және басқалары 4-ке жазды. Бұл класта география пәнінен емтихан тапсырушылардың ішінде де өзілік баға алушы болған жоқ.

**Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.**

### Газет, журналдарға жазылуға

Октябрь ауданындағы Қаратал жеті-жылдық мектебінің оқытушылар коллективі үстіміздегі жылдың екінші жарты жылдығының газет, журналдарына ұйымшылдықпен жазылуға. Көзгі оқытушылардың көпшілігі орталық, республикалық және облыстық газеттерге түгелдей

жазылды. Сол сыяқты, олар журналдар да алдырады.

Газет, журналдарға жазылу Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінде де ұйымшылдықпен өтуде.

**Ж. СЕЙІТБЕКОВ.**

### Жас мичуриншілердің тәжірибе участогі

Октябрь ауданындағы Қаратал жеті-жылдық мектебінің жас мичуриншілері бұл күндері өздерінің тәжірибе участоктерінде жұмыстар жүргізуде. Олар биология пәнінің оқытушысы Р. Түрсынова және колхоз агрономы В. Коршиев жол-

дастардың басшылығымен участокке түрлі дақылдар мен өсімдіктерін екті, ағаштар отырғызды.

Жас мичуриншілер көзгі бұл егістерді күту жұмысын мұқият жүргізуде.

**К. АСЫЛТАЕВ.**



# Халықаралық шолу

## КОЛЛЕКТИВТІК ХАУІПСІЗДІК — ЕВРОПАДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Соңғы уақытта американ баспасөзінде көптеген мақала басылды, бұлардың авторы «европалық армия» дейтінді күрү жоспары жүзеге асыру мүмкіндігіне сенімсіздікпен қарауда. Мысалы, 22 майда «Нью-Йорк геральд трибуун» газеті былай деп жазды: бұл жоспар «егер недей бір таңдауарлық және күтпеген жаған іс болмаған күнде, іс жүзінде өлі жоспар болып табылады». Мұның басты себебін газет мынадан көріп отыр: «европалық армия» құру туралы договорды Франция, сірә, ешуақытта да бекітпейтін көрінеді».

Соңғы кездегі оқылғалар халықтардың «европалық армия» құру жоспарына қарсыласуының оған сайын артып отырғанын көрсетеді. Мұны, атап айтқанда, «европалық армия» құруды көздейтін Париж соғыс договорын бекіту мәселесі жөнінде Ұлттық жыйналыстағы айтыстарды бастау мерзімін белгілеуден Францияның іс жүзінде бастартқандығы айқын дәлелдейді. 15 апрельде француз үкметі мұны талқылайтын күнді парламенттік топтардың председателдері 18 майда белгілейді деп қаулы еткен болатын. Бірақ, Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, бұл мәселені шешу, үкметтің үндеместен келісуімен, белгісіз мерзімге кейінге қалдырылған.

Мұның себебі мынадан: «европалық армияны» жақтаушы француздар айтыстың барысында өздерінің үстем болатындығына тіпті де сенбей отыр. Мұның керісінше, айтыстың нәтижесі мүлде басқаша болады деп ойлауға толық негіз бар.

«Европалық армия» құрудың американ жоспарына итальян халқының қарсылық жасап отырғанын Италияның депутаттар палатасында Париж договорын талқылау айқын көрсетті. Тіпті үкметтің ресми баындамашысының өзі де Париж договорының іс жүзінде Батыс Европада Германияның соғыс және саяси үстемдігін орнатуға бағытталғанын мойындауға мәжбүр болды.

«Европалық армиямен» байланысты арамиеттердің толық сәтсіздікке ұшырауынан қорқып, Батыс Германияның милитаристтік топтары герман вермахтын қайта тудырудың «европалық армияның» альтернативасы болып табылады-мыс дейтін жаңа жоспарларын үсті-үстіне ұсынууда. Мұндай жоспарлардың бірінің авторы гитлершіл генерал Мантейфель болып табылады. Ол атлантикалық блоктің құрамына тікелей кіретін Батыс Германияның сепараттық армиясын құруды ұсынып отыр. Бұл «альтернативаның» не екендігі «европалық армия» құру жоспарының және Мантейфель жоспарының да герман вермахтың қайта тудыру идеясына негізделіп отырғандығының өзінен-ақ айқын көрінеді. Мантейфельдің жоспары — «европалық армия» құру әрекеті сәтсіздікке ұшырай қалған күнде, герман армиясын

говорға қатысуын көздейді-міс деген сылтаумен, қабылдамай тастаған болатын. 31 марттағы нотада Совет үкметі Европадағы коллективтік қауіпсіздік туралы Жалпыевропалық договорға АҚШ-тың қатысуы туралы мәселені дұрыс шешуге кедергілер жоқ деп білетінін батыс державаларына хабарлады. Солай болса тура да, батыс державаларының осындай шарттың өзінде де Европадағы коллективтік қауіпсіздік туралы совет ұсынысын қабылдағысы келмеді. Соның өзінде олар өз позициясын қорғау үшін қандай да болса тәсілді сылтаулар келтірмеді. Сірә, батыстағы билеуші топтар совет ұсыныстарын қасарысып қабылдамай тастау бұл ұсыныстардың халықтарды өзін тартып отырған күшін азайтуы ықтымал деп ойлап отырса керек.

Бұл бекер үміт! Европадағы коллективтік қауіпсіздік идеялары қалың халық бұқарасының жүрегіне барған сайын терең орнауда. Бұл идеяларды жүзеге асыру жолындағы күрес күннен-күнге күшейі түсуде. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің қазір өтіп жатқан Төтенше сессиясына қатысушылар Европада қауіпсіздіктің коллективтік системасын құру туралы ұлы державалар арасында оған әрі келіссөздер жүргізілуін талап етті. Міне бұл талаптың совет ұсыныстарынан Европада ғана емес, тіпті бүкіл дүние жүзінде де бейбітшілікті қамтамасыз етудің берік негізін көріп отырған жер шарындағы миллиондаған адамдардың еркін білдіріп отырғанына күмән жоқ.

## КОРЕЙ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ КІМДЕР КЕДЕРГІ КЕЛТІРУДЕ

Женева кеңесі ашылғаннан бері айдап аса уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде кеңестің алдында тұрған проблемаларды, атап айтқанда, корей мәселесін шешуге кеңеске қатысушылардың көзқарастарында елеулі алшақтықтар бар екені байқалды.

Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Совет Одағы корей мәселесін шешуге Корейдағы жағдайды бейбітшілікпен туніктілікті реттеу және оның халқының заңды праволары мен ұлттық ынтызар мүдделерін қанағаттандыру қажет деген позициядан қарай отыр. Бұл позицияның негізі Корейаны демократиялық негізде біріктіру мақсатымен Ұлттық жыйналыстың жалпыкорейлік сайлауын өткізуді көздейтін Корей Халық Демократиялық Республикасы үкметінің ұсыныстары болып табылады. Мұндай сайлау өткізудің аса маңызды шарты — барлық шетелдік әскерлерді Корейдан алдып ала ақету. Тек сонда ғана Ұлттық жыйналыстың сайлауы корей халқының шын тілегін анықтай алады. Сайлау әзірлеу және өткізу жұмыстарын Корейаның екі бөлігіндегі ең ірі демократиялық қоғам ұйымдарының өкілдерінен құрылатын жалпыкорейлік комиссия жүзеге асыруға тиіс.

КХДР ұсынған және Қытай Халық Рес-

лық Солтүстік Корейдан төрі көп депутаттар жібере алатыны КХДР ұсынысында күн ілгері көзделіп отырғаны айқын болады. Міне бұл түсінік КХДР Солтүстік Корейаның айтқанын Оңтүстік Корейға қабылдатуға тырысып отыр-мыс дейтін арадаштылық бос сөздерді мүлде тияды.

Женева кеңесінде Құрама Штаттардың және олардың агрессия жөніндегі әріптестерінің корей мәселесінде ұстаған позициясының сыйшаты мүлде басқаша. Жалпыкорейлік еркін сайлау өткізу идеясымен сөз жүзінде келісе отырып, АҚШ пен олардың әріптестерінің іс жүзінде бұл сайлауды өз бақылауымен және өз әскерлерінің қатысуымен өткізгісі келеді. Корейда «БҰҰ-ның бақылауымен» сайлау өткізу туралы лисымандықтың енгізілуі ұсыныс міне осы мақсатты көздейді. Бірақ, БҰҰ-ның американ агрессиясын бүркемелеу үшін оған өз жалауын беріп, корей соғысының басталуына бері іс жүзінде Корейда соғысушы жақ болып отырғанын ұмытпау болмайды. Міне мұның салдарынан БҰҰ өзінің туралы халықаралық орган ретінде қыбыл жасау мүмкіндігінен айрылды, сондықтан ол, әрине, корей мәселесін шешуде «объективтік міндеттер» атқара алмайды.

Қазіргі туған жағдайда БҰҰ-ның бақылауымен сайлау өткізуді Корейға тықпалау әрекеттерін американ агрессорлары мен лисымандықтардың үстемдігін Корейаның бүкіл территориясына таратуға тырықандық деп қана бағалауға болады.

Құрама Штаттар корей мәселесін талқылауда бүкіл Корей түбегіне өз үстемдігін орнатуға тырысқан өздерінің арамиеттеріне сүйеніп отыр. Мұндай әрекеттердің өз үйінің қожасы болғысы келетін, тәуелсіз, шетелдік қамқоршыларсыз еркін өмір сүргісі келетін корей халқының заңды тілегімен ешқандай қатысы жоқ.

## АҚШ ИРАННЫҢ ПРАВОЛАРЫН АЯҚҚА БАСУДА

Соңғы екі айдың ішінде Тегеранда Иран үкметі және Иранның мұнай байлықтарын пайдалану үшін американ «ағылшын компаниялары құрған халықаралық мұнай консорциумы» дейтіннің өкілдері арасында келіссөздер жүргізілген. Бұл келіссөздердің барысында 1951 жылы Иран мұнай өнеркәсібін мемлекет қарамағына алу туралы заң қабылдағаннан кейін тоқтап қалған Иран мұнайы пайдалану ісін жоғарыда көрсетілген халықаралық консорциумының қандай шарттармен қайта бастайтыны туралы мәселе талқыланған. Ресми хабарларға қарағанда, бұл келіссөздер майдың орта шенінде «тоқтап қалған», соның өзінде консорциумының өкілдері «консультация» алу үшін Лондонға ұшып кетті.

Бірақ Иранның баспасөзі келіссөздер іс жүзінде консорциум өкілдерінің шамадан тыс талаптар қоюы салдарынан түйыққа түседі деп жазуда. Консорциум өкілдері, «Мосаввар» журналының айтуына, «консорциумға Иранның мұнай өнеркә-

## В. М. Молотовтың Швейцария конфедерация- сының президенті Р. Рюбательде болуы

ЖЕНЕВА, 28 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Сыртқы істер министрі В. М. Молотов Берне, Швейцария конфедерациясының президенті Р. Рюбательде болды. Р. Рюбатель мен В. М. Молотов әңгімелесті. Кездесуде Швейцария саяси департаментінің (сыртқы істер министрі) бастығы, федеральдық кеңесші М. Штильер және ССРО-ның Швейцариядағы елшісі Ф. Ф. Молочков болды.

13 сағатта Швейцария конфедерациясының президенті Р. Рюбатель В. М. Молотовтың құрметіне қонақасы берді.

Қонақасыға Швейцария үкметінің мүшелері — федеральдық кеңесшілер М. Штильер, Ф. Этер, Г. Штрейли, саяси департаменттің бас секретары А. Пендер, саяси департаменттің протокол бөлімінің бастығы Р. Морис және басқа адамдар болды.

Совет жағынан қонақасыда В.В. Кузнецов, Ф.Ф. Молочков, Л.Ф. Ильичев, А.А. Лаврицев, ССРО-ның Швейцариядағы сауда өкілі А.И. Куренов болды.

Қонақасы үстінде президент Рюбатель мен В.М. Молотов сөз сөйледі.

Бүгін таңертең В. М. Молотов Берне, Швейцарияның саяси департаментінің бастығы М. Штильермен кездесті.

## Кришн Менонның мәлімдемесі

ЛОНДОН, 31 май. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Кеше Индияның БҰҰ-дағы өкілі Кришн Менон Лондонда БҰҰ-дағы студенттерінің оның құрметіне жасаған қабылдауында сөз сөйледі. Кришн Менон былай деді: Женева кеңесінде Индо-Қытайда соғысты тоқтату жоспары жөніндегі әскери және техникалық келіссөздерді тезімен бастау жөніндегі қол жеткен келісім, онда соғысты тоқтату жолындағы алғашқы қадам болып табылады.

Мұнан әрі Кришн Менон Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру, Азия елдері үшін өте зор маңызы бар деп атап көрсетті.

## ПАРИЖ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КОММУНАР- ЛАР ҚАБЫРҒАСЫНА ЖАСАҒАН ДӘСТҮРЛІ САЛТАНАТТЫ ЖҮРІСІ

ПАРИЖ, 31 май. (СОТА). Кеше Париж еңбекшілерінің Пер-Ла-шез зиратына коммунарлар қабырғасына дәстүрлі салтанатты жүрісі болып өтті. Салтанатты жүріске қатысушылар — қасіпорындарының жұмысшылары, қызметкерлер, ұйырауындағы әйелдер, француздың прогресшіл интеллигенциясының өкілдері, соғыс мүдделері «европалық армия» құру туралы договордың жүзеге асырылуы, Вьетнамдағы соғыстың тоқтатылуы, Францияның ұлттық тәуелсіздігінің қалпына келтірілуін және халықтың тұрмыс жағдайларының жақсаруы үшін талап еткен ұрандар мен плакаттар алып жүрді.

## СОКП делегациясының Венгрияда болуы

БУДАПЕШТ, 31 май. (СОТА). Бүгін Венгер еңбекшілер партиясының III съезіне барған құрамында СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшесі К. Е. Ворошилов, СОКП Орталық Комитеті мүшесі М. Б. Митин және И. Т. Виноградов бар Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы Биатобад селосындағы (Пешт комитеті) Дожд атындағы өндіріс кооперативінде болды. Делегацияны Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Венгер Халық Республикасы Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары, жер шаруашылығы министрі Андраш Хегедюш және ССРО-ның Венгриядағы елшісі Е. Д. Киселев алып жүрді.

К. Е. Ворошилов жолдас, делегация мүшелері және оларды алып жүрушілер кооперативтің председателі Андр Келемен, агроном Иштван Шимомен және кооперативтің басқа да өкілдерімен кездесті, қоғамдық шаруашылықтың даму барысымен, кірістің бөлінуі, кооператив мүшелерінің тұрмыс жағдайларының артуы мәселелерімен танысты.

Конактар кооператив шаруашылығын ірімшік жасайтын жерді, мал қораларын, ат қорасын және басқа да қоғамдық құрылыстарды көрді. Кооператив мүшелері конактарды қауыршымен қарғы алды. Оларға өз жұмыстары туралы айтты.

Будап кейін К. Е. Ворошилов, М. Б. Митин, И. Т. Виноградов, Андраш Хегедюш және Е. Д. Киселев жолдастар Герцегхаломск мемлекеттік тәжірибе шаруашылығында болды.

К. Е. Ворошилов жолдас, СОКП Орталық Комитетінің мүшесі М. Б. Митин жолдас және И. Т. Виноградов жолдастар бар Совет Одағының Коммунистік партиясы делегациясы, туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары болды.

Будап кейін К. Е. Ворошилов, М. Б. Митин, И. Т. Виноградов жолдастар бар Совет Одағының Коммунистік партиясы делегациясы, туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары болды.

## ГДР үкметінің халықтың дауыс беруі туралы қаулысы

БЕРЛИН, 29 май. (СОТА). Бүгін Берлиннің демократиялық баспасөздері Герман Демократиялық Республикасы үкметінің «Бейбітшілік договоры және оккупациялық әскерлерді шығару үшін — немесе «европалық қорғаныс бірлестігі» мен «жалпы договор» және оккупациялық әскерлерді 50 жылға дейін қалдыру үшін?» мәселесі жөнінде халықтың дауыс беруін өткізу жөніндегі қаулысын жариялады.

Қаулыда Герман Демократиялық Рес-

## ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ ЖОҒАРҒЫ КОМАНДОВАНИЕСІ МЕН ФРАНЦУЗ ЖОҒАРҒЫ КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІ

ПЕКІН, 30 май. (СОТА). Сяньхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, француз жоғарғы командованиясінің Дьен-Бьен-Фуудағы делегациясы француздардың жаралыларды әкетуі туралы 13 майдағы келісімді «ешқандай әскертусіз бұзғандығын» растайды. Француз өкілдері 858 жаралы әскери тұтқындарды босатқаны үшін алғыс және Вьетнам Халық армиясының медициналық қызметкерлері туралы үлкен мақтау айтады.

Бұл мәлімдеме Вьетнам Халық армиясы жоғарғы командованиясі өкілі мен Францияның Индо-Қытайдағы экспедициялық корпусының жоғарғы командованиясінің өкілі бірлесіп жасаған Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиясінің 13-26 май аралығында босатқан француз экспедициялық корпусының жаралы әскери тұтқындарын әкету туралы есепте бар.

Мәлімдемеде былай делінген: екі жоғарғы командованиясінің Вьетнам Халық армиясы мен Француз экспедициялық

Вьетнам Халық армиясы жоғарғы командованиясінің делегациясы мәлімдеме Дьен-Бьен-Фууды босатқаннан кейін болған бірнеше фактілер мен инциденттерді атап көрсетуді қажет деп тапты.

Мәлімдемеде оған әрі былай делінген: француз жоғарғы командованиясінің делегациясы президент Хо Ши Миннің адамгершілік саясатын жоғары бағалайды және Вьетнам Халық армиясының құрамына алғыс сезім білдіреді. Өйткені, тек олардың арқасында ғана жаралыларды әкету ең жақсы жағдайда жүзеге асырылды. Делегация, әресе, Вьетнам Халық армиясының медициналық қызметкерлерін француз корпусының жаралыларына, Дьен-Бьен-Фу құлағаннан бастап олардың қамалдан кеткеніне дейін, зор қамқорлықпен күткені үшін ерекше алғыс айтады.

Сонымен бірге, француз жоғарғы командованиясінің делегациясы президент Хо Ши Миннің мейірімшілдігі арқасында босатылған Женеваде ле Делларды әкетуге мүмкіншілік туғандығы үшін екі



өркет жасағандық.

Осындай ұсыныстар қоя отырып, батысгерманиялық милитаристер «европалық армия» құру жоспарының герман қарулы күштерін тікелей қайта құрудан басқа ешқандай шын альтернативасы болмай отыр-мыс дегенге неміс халқы және Батыс Еуропаның басқа халықтарын сездіруге тырысауда. Бірақ мұндай әрекеттер қазіргі жағдайда табысқа жете алмайды. Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы Жалпыевропалық договор жасасу жайында енгізілген Совет Одағының ұсыныстары бар екенін дүниежүзілік жұртшылық өте жақсы біледі. Міне бұл договордың шеңберінде хауіпсіздік проблемасы Еуропаның барлық елдері, соның ішінде Германия үшін де шешілген болар еді.

Жұртқа мәлім, Берлин кеңесінде батыс державалары Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы Жалпыевропалық договор жасасу жайындағы Совет Одағының ұсынысын, бұл ұсыныс АҚШ-тың осы до-

рей проблемасын шешу программасы міне осындай. Бұл программа корей халқының біртұтас тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік корей мемлекетін құруды көздеген ежелгі арманын жүзеге асыруға жол ашады.

Корей мәселесі жөнінде келісімге жету ді жеңілдету мақсатымен Қытай Халық Республикасының делегациясы 22 майдан бастап жаныкорейлік сайлау өткізу ді бақылау жөнінде бейтарап елдердің комиссиясын құруды көздейтін қосымша ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысты қолдай, КХДР өкілі былай деп атап көрсетті: жаныкорейлік сайлау нәтижесінде құрылатын Ұлттық жыйналыстың толық өкілігін қамтамасыз ету үшін Корея территориясында халықтың санына тең келегін округтер құрылып, бұл округтерден тең өкілдер бөлінуге тиіс. Егер Оңтүстік Кореяның халқы елдің солтүстік бөлігінің халқынан артық өкілі ескерілсе болса, онда Оңтүстік Кореяның Ұлттық жыйна-

шығару мәшһерін халықаралық рыноқтың тілектеріне сәйкес өздігінен белгілеуге және Иран жұмысшылары мен қызметшілерінің бір бөлігін жұмыстан шығаруға право беруді ұсынған».

Барлық жағынан қарағанда, консорциум өкілдері уақытты ұту және Иранға қосымша қысым жасау үшін келіссөздерде «үзіліс» жасаған. «Мосаввар» журналы былай деп хабарлады: АҚШ-тың Тегерандағы елшісі Гендерсон Иранның өкмет орындарына мынаны мәлімдеді: «мұнай мәселесінің бірден- бір шешімі Иран үкметінің консорциум ұсыныстарын қабылдауында болып отыр».

Консорциум мен Иран арасындағы келіссөздер америка дипломатиясының әлсіз елдерді экономикалық жағынан кіріштарлыққа ұшыратуды көздейтін өз саясатын жүзеге асыра отырып, өрескел қысым жасау және босқалау әдістерін қолданып отырғандығын айқын көрсетеді.

Ю. БОЧКАРЕВ.

### Поль Робсонның құрметіне Нью-Йоркте болған митингтер

НЬЮ-Йорк, 28 май. (СОТА). 26 майдан бастап (Нью-Йорктің кварталы) бейбітшілік үшін күрескер Польш Робсонның құрметіне және Польш Робсонға шегелдік паспортты қайтарып бергізу үшін жаңа науқанның басталғандығы құрметіне екі митинг-концерт болды. Митингтерге үш мыңнан аса адам қатысты.

Әнші Маргарет Маккаден Робсонның шетелге саяхатқа шығу правосы бар екендігінің дәлелі ретінде Робсонның Совет Одағынан, Англиядан, Франциядан, Израильдан және басқа елдерден концерт беруге шақырған көптеген хаттарды келтірді; алайда, мемлекеттік департаменттің оның шетелдік паспорттың конфиске-леуіне байланысты Робсон шақырғач жерлерге бара алмады.

Польш Робсонды артист — жолдастары қызу құттықтап, бүкіл дүние жүзінің халықтарында оның искусствоы, оның ададығы мен бейбітшілік және барлық езілген халықтарды азат ету ісіне шексіз берілгендігі туғызатын сүйіспеншілік пен мақтанш сезімін атап көрсетті.

Робсон бейбітшілікті және Совет Одағымен достықты қорғауға арнаған мәлімдемесін оқыды; ол бұл мәлімдемені 1949 жылы Парижде, мемлекеттік департамент оның паспорттың конфискелегенде жасаған болатын. Робсон өзінің Африкадағы азаттық қозғалысын қуаттайтындығын, ал бұл да Құрама Штаттар үкметінің наразылығын туғызғанын тағы айтты.

Жыйналған жұрт «Ренессанс казино» залына сыймағандықтан концерт программасы негрлердің методистік шіркеуіне тағы қайталанды.

Митинг — концерт «Польш Робсонның паспорттың қайтарып бергізу үшін күрес комитетінің» инициативасы бойынша ұйымдастырылды.

### Совет соғыс корабльдерінің Албанияға достық сапары

ТИРАНА, 31 май. (СОТА). Бүгін Албанияның Дуррес портына адмирал Горшковтың басшылығымен совет соғыс корабльдері достық сапарға келді.

Қала еңбекшілері совет теңізшілерінің келуін қуанышпен күтті. Қала ССРО-ның және Албан Халық Республикасының мемлекеттік жалауларымен безелді. Алқызыл полотналарға: «Қол келдіңдер!», «Айбынды совет теңізшілерінің даңқы арта берсін!», «Албан және совет халықтарының достығы жасасын!» деген сөздер жазылған.

Корабльдер келерден көп уақыт бұрын портқа еңбекшілердің Халық Армиясы жауынгерлерінің албан теңізшілерінің көптеген делегациялары жыйналды. Порт мерекедегідей түрде енген.

Совет теңізшілерін қарсы алуға астанадан Албан Халық Республикасы Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Мехмет Шеху, Албан еңбек партиясы Орталық Комитетінің секретары Мануш Муфтиу, Халық қорғанысы министрі Бекер Балужу, үкмет мүшелері, Албан

### Индия әйелдерінің делегациясы өздерінің Совет Одағында болғандықтары туралы

Совет Одағында төрт апта бойы Индия әйелдерінің мәдениет қайраткерлері делегациясы болды.

28 майда делегация ССРО-дан жүріп кетті. Жүрер алдында олар шетелдермен мәдени байланыс жасаудың Бүкілодақтық қоғамының басқармасында болып, делегацияның барлық мүшелері қол қойған мәлімдеме қалдырды. Бұл мәлімдемеде ССРО-да балаларды тәрбиелеуге өте зор көңіл аударылатындығы айтылған.

(СОТА).

### КОРЕЙ БАЛАЛАРЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БӨЛЕНГЕН

ПХЕНЬЯН, 31 май. (СОТА). Корей Халық Демократиялық Республикасында балалар корей еңбек партиясы мен үкметінің аса зор қамқорлығына бөлінген. Соғыс қиймылдары тоқтатылғаннан кейін республикада қайратылған мектеп үйлерін қалпына келтіру және жаңа мектеп үйлерін салу жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Устіміздегі оқу жылы өткен жылғымен салыстырғанда республикада жұмыс істейтін мектептер саны 3 есе артты, ал, оқушылар саны 170 мың көбейді. 7 мыңнан астам балалар үйлерінде, еңбек және соғыс жетімдері үшін анықлан бастауып мектептерде оқып тәрбиеленеді.

### БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ПОЛИЦЕЙЛІК ОЗЫРЛЫҚ

БЕРЛИН, 28 май. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, АҚШ жоғарғы комиссары Конзттың бұйрығы бойынша Адамзат үкметі батыс герман жерлерінің өкмет орындарына аймақаралық қатынастарды тоқтату мақсатымен полицейлік шараларды күшейту жөнінде бұйрық берген. Бонн үкметі мұндай шараларды жүзеге асырып, батыс герман жастары өкілдерінің Берлинде болатын жастардың жалпыгерманиялық екінші слетіне қатысуына кедергі жасағысы келеді. Батыс Германияның бірқатар қалаларында полиция қазіргі өзінде жастардың слетіне өзірлік жөніндегі бюрлардың үйінде тінту жүргізген. Көптеген жас патриоттар тұтқындалған.

### 1954 жылдың екінші жартысына облыстық „Ленин туы“ және „Ленинское знамя“ газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конпорларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорында-рындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің кіріш зауытына түпкілікті жұмысқа есепші-каспир, токарь строгальщик, электр қуатымен болат балқытушылар, монтаждаушы слесарьлар, автомобиль слесарьлары, балшықтан заттар өндіретін шеберлер, түрлі жұмысшылар, ағаш шебері керек. Мұқтаж жұмысшылар пәтермен, жатақханамен қамтамасыз етіледі. Жұмысқа кірем деушілердің Папанина көшесінің ең шетіндегі завод басқармасына келіп жолығуларына болады.

көрұсының делегациясы жаралыларды әкету туралы мерзімге толық келісеті, жаратылардың барлық саны 853 адам, оның ішінде 624 европалық, 150 африкандық және 84 вьетнамдық бар; олардың 11-і офицер, 184-і унтер-офицер мен 664-і солдаттар.

Екі делегация жаралыларды әкетуді жылдам жүзеге асыру үшін жұмсалған күш-қайратқа толық қанағаттанды.

### КАЛЬКУТТАДА КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ СЕССИЯСЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫНА

КАЛЬКУТТА, 31 май. (СОТА). Кеше Калькуттада кәсіподақтардың бүкілиндиялық конгресі сессиясының жабылуына арналған еңбекшілер демонстрациясы болып өтті.

Демонстранттар колоннасының алдында жұмысшылардың құрама оркестрі жүрді. Калькуттың тұрғындары демонстранттарды жылы жүзбен құттықтады. Демонстрацияға қатысушылар АҚШ-тың Калькуттадағы информациялық қызмет үйінің алдынан өтерде: «Азиядан кетіңдер!», «Америка империализмі қарасын өшірсін!», «Шығыс Бенгалиядағы губернатор басқармасының қарасы өшең!», «Америка-Пакистан соғысы одағы жойылсын!», «Кореяда және Индо-Кытайда бейбітшілік жасасын!», «Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!» деген ұрандарды айтып өтті.

Кешкі сағат 6-да қаланың орталық алаңына 200 мың еңбекшілер жыйналды. Митингіде белгілі кәсіподақ және саяси қайраткерлері Налең Сен, Сатьяпрія Баннерджи, Мираджакар және Халдулкар сөз сөйлеп, жұмысшы табының бірлігі үшін

Француз жоғарғы командованиясының делегациясы өзара қатынаста болған түсінілілік туралы зор мақтау сезіммен атап өтеді, бұл жағдай екі делегацияның алдында тұрған міндеттерді орындауды едәуір жеңілдетті. Сонымен бірге, Вьетнам Халық армиясының делегациясына олардың меймандостығы үшін алғыс айтты.

### БҮКІЛИНДИЯЛЫҚ КОНГРЕСІ БАЙЛАНЫСТЫ ДЕМОНСТРАЦИЯ

күресті күшейтуге, тұрмыс жағдайын жақсартуға, бейбітшілік және ұлттық тәуелсіздік үшін күреске қызу шақырды.

Митингіге қатысушылар кәсіподақтардың бүкілиндиялық конгресінің бас секретары Дангеннің мінбеге көтерілуін ду қолшаналақтаумен және «Кәсіподақтардың бүкілиндиялық конгресі жасасын!», «Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы жасасын!» деген дауыстармен қарсы алды.

Митингіге қатысушылар кәсіподақтардың бүкілиндиялық конгресінің 24-сессиясының қаулыларын мақұлдады.

Митингіге қатысушылар кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясының КБС-тың, Қытай кәсіподақтарының, сонымен бірге басқа да туысқан ұйымдардың құттықтауларын қызу қолшаналақтаумен қарсы алды. Митинг «Кәсіподақтардың бірлігі жасасын!» деген ұранды үш рет айтудымен аяқталды.

Редактордың орынбасары  
Г. НҮРМОЛДИН.

### Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОЙЫНДАҒЫ АННА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдың май өндірісі тресінің базасына түпкілікті жұмысқа қойма жұмысшылары, автомобиль слесарьлары, сүт ыдыстарын жөндеуші жұмысшылар, қалайшылар, ағаш шеберлері, штукатурлар, отын және ағаш күзету үшін күзетшілер керек. Адрес: Қарағанды көшесі, 37-үй. Телефон 2-18.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.